



### БАЛЫҚ БАЙЛЫҚ КӨЗІНЕ АЙНАЛА МА?

5-БЕТ | ӘЛЕУМЕТ



### ЖАҒДАЙЫҢ ҚАЛАЙ, СТУДЕНТ?

6-БЕТ | ЖАСТАР



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

ЫНТЫМАҒЫ ЖАРАСҚАН ҚОҒАМ ҚҰРАМЫЗ ДЕСЕК, БІЗ ЗАҢ МЕН ТӘРТІП-КЕ МҮЛТІКСІЗ БАҒЫНУЫМЫЗ ҚАЖЕТ. БҰЛ – ӘДІЛЕТТІ МЕМЛЕКЕТ ҚҰРУДЫҢ ЕҢ БАСТЫ ҚАҒИДАТЫ. ОНЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ҮШІН КЕЗ КЕЛГЕН ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ ӘРЕКЕТ ЖАЗАСЫЗ ҚАЛМАУЫ КЕРЕК. ЗАҢ НОРМАЛАРЫ ҚАҒАЗ КҮЙІНДЕ ҚАЛЫП ҚОЙМАЙ, ІС ЖҮЗІНДЕ, ЯҒНИ ҚОҒАМДАҒЫ ОРНЫНА НЕМЕСЕ СІҢІРГЕН ЕҢБЕГІНЕ ҚАРАМАСТАН, АЗАМАТТАРДЫҢ БАРЛЫҒЫНА БІРДЕЙ ҚОЛДАНЫЛУҒА ТИІС. ЕКІНШІ ЖАҒЫНАН, ХАЛЫҚТЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТЫН ДӘЙЕКТІ ТҮРДЕ АРТТЫРЫП, ҚОҒАМ САНАСЫНА АДАМИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ СІҢІРГЕН ЖӨН. ӘРБІР АЗАМАТ ӨЗ СӨЗІ МЕН ӘРЕКЕТІНЕ ЗАҢ ТҮРҒЫСЫНАН ЕСЕП БЕРІП, ОНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ САЛДАРЫ ҚАНДАЙ БОЛАТЫНЫН НАҚТЫ ТҮСІНУГЕ ТИІС.

№137  
(4570)  
Сенбі  
18 қараша  
2023 жыл



# ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



«Халқымыздың саны 20 миллионға жетті! Баршаңызды ақжолтай жаңалықпен құттықтаймын! Бақытты отбасы – бақуатты елдің негізі. Мемлекет отбасы құндылықтарын нығайтуға, ана мен баланы қорғауға баса мән береді» деп құттықтады Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев отандастарымызды.



Сұлтан СЕЙІТ

## «МЕНИҢ БАУЫРЫМ» ҚОРҒАЙДЫ

Балаларды қорғауға арналған жаңа жобаны елордалық волонтерлер бастайды.

Оқу-ағарту министрлігі мен Ғылым және жоғары білім министрлігінің бастамасымен іске қосылған жоба балалардың құқығын қорғауға және оларға қатысты жобаларды тиімді басқаруға, мектеп оқушыларының қауіпсіз ортада білім алуына қолайлы жағдай жасауға бағытталған.

Жобаның еріктілері қатарына педагогика, құқықтану, психология, әлеуметтік педагогика және ақпарат технологиялары мамандықтары бойынша 3-5-курс оқитын ЖОО студенттері тартылмақ. Елорданың 171 мектебінің оқушыларына қолдау көрсететін 12 жоғары оқу орнының 1300 студентінен тұратын команда құру жоспарлануда.

«Менің бауырым» жобасының еріктілері алдымен арнайы тренингтерден өтіп, мектептерде балалармен және жасөспірімдермен жұмыс істеу жөнінде нұсқаулық беріледі. Олардың әрі қарайғы жұмысы патриоттық және экологиялық тәрбие беру, жауапкершілікті арттыру, мектепшілік қарым-қатынасты нығайту, эмоционалдық интеллектіні, құқықтық, оқырмандық, қаржылық және IT сауаттылықты дамыту жөніндегі маңызды бағыттарды қамтиды. Волонтерлік топтарды жоғары оқу орындары құрады.

## ЖАҢБЫР МЕН ҚАР ЖАУАДЫ

«Қазгидромет» мәліметі бойынша 18-20 қараша аралығында еліміздің бірқатар аймағында қар аралас жаңбыр жауатыны болжанды.

Синоптиктер болжамынша, солтүстік аумақта ауа райының температурасы -16°C-қа дейін күрт төмендейді. Ал шығыс жақта қатты жаңбырдың соңы қарлы бұрқасынға ұласады деп күтіледі.

Жауын-шашыннан кейін ауа райының күрт суытуына байланысты көктайғақ болатыны да ескертіледі.

# 20 МИЛЛИОНҒА ЖЕТТІК!

Сәл кейінірек Ұлттық статистика бюросы еліміздің 5 өңірінде 2023 жылдың 14 қарашасында туған 5 бала Қазақстанның 20 миллионыншы тұрғыны атанғанын хабарлады. Ұлытау, Жетісу, Атырау, Ақмола және Түркістан облыстарында таңғы сағат

8.10-да інгәлап дүние есігін ашқан 5 сәбидің үшеуі – ұл, екеуі – қыз бала. «Отбасы банк» АҚ еліміздің 20 миллионыншы тұрғыны атанған балалардың ата-анасына 2 миллион теңгенің сертификатын беру туралы шешім қабылдады. Ұлтымыздың

мерейін асырып, бар қазақты қуантқан сәбилердің бауы берік болсын! Өспіп-өне берейік!

Тағы бір жағымды жаңалық, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев халқымыздың саны 20 миллионға жеткен күні Ұлттық қордан балаларға

ақша төлеу туралы заңға қол қойды. Мұның символдық мәні бар екені сөзсіз. 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап Ұлттық қордың инвестициялық табысының 50 пайызы жас жеткіншектердің арнаулы есеп-шотына аударылады.

## ЖЫЛУ ТАПШЫЛЫҒЫ ЕНДІ БОЛМАЙДЫ

Елордада 3-ЖЭО-ны салу бойынша міндеттемелерді орындау шеңберінде қуаты сағатына 120 Гкал болатын кВт – 139-150 су жылыту қазандық агрегаты жоспарлы түрде іске қосылды.

Өнеркәсіптік пайдалануға берілген бұл қазандық агрегаты жаңа станция беретін жылу жүктемесін 360 Гкал/сағ. дейін арттыруға мүмкіндік береді, бұл елордадағы жылу энергиясының тапшылығын толығымен жабады.

3-ЖЭО құрылысының графигіне сәйкес, осы жылғы 30 қарашаға қарай төртінші

қазандық агрегаттарын іске қосу жоспарланып отыр. Жаңадан салынған қуат жылу беруді сағатына 480 Гкал-ға дейін ұлғайтуға мүмкіндік береді, бұл тұрақты жылумен 4,5 млн шаршы метрге дейін тұрғын және қоғамдық ғимараттар мен құрылыстарды қамтамасыз етеді.

## АСТАНАДА – МАНАС ЕСКЕРТКІШІ

Астанада Қазақстан мен Қырғыз Республикасы арасындағы 2020-2023 жылдарға арналған ынтымақтастық аясында қырғыз халқының батыры Манасқа ескерткіш орнатылды.

Қос тарап арасында тиісті келісім өткен жылдың желтоқсан айында жасалды. Сол уақытта Қырғыз Республикасының Президенті Садыр Жапаровқа сол елдің Мәдениет министрі Алтынбек Мақсұтов Астанада орнатылатын Манас ескерткіші эскизінің жобасын ұсынды. Қырғыз мүсіншілері мен суретшілері арасында өткізілген конкурс қорытындысында мүсінші Урустембек Пазылов

пен сәулетші Улан Бейшенбаевтың жобасы жеңімпаз атанды.

Қабанбай батыр даңғылының бойында бой көтерген ескерткіш қоладан құйылған, тұғыртасы – граниттен. Қырғыз Республикасының Қазақстандағы төтенше және өкілетті елшісі Дастан Дюшекеевтің хабарлауынша, ескерткіштің салтанатты ашылуы жылдың жылы мезгілінде өтпек.





## МИНИСТРГЕ ТАПСЫРМА БЕРДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбекті қабылдады. Кездесуде Президент тапсырмаларын орындау үшін Жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы қабылданғаны туралы баяндалды. Құжат аталған саланы өркендетудің стратегиялық міндеттері мен көрсеткіштерін айқындайды.

Министрдің айтуынша, биыл қыркүйек айынан бастап Қазақстанда бакалавриат бағдарламасы бойынша стипендия мөлшері 20 пайызға, магистратура мен докторантурада 15 пайызға көбейді. Жоғары оқу орындарындағы профессор-оқытушылар құрамының жалақысы 160 мың теңгеден 350 мың теңгеге дейін, ал ұлттық университеттерде бұл көрсеткіш 228 мың теңгеден 400 мың теңгеге дейін өсті. Сонымен қатар студенттер жатақханаларындағы орын тапшылығы үш есе, яғни 2022 жылғы 55050-ден 2023 жылғы қазанда 17488-ге дейін азайды.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа жоғары білім беру саласындағы инфрақұрылым мен цифрлық архитектураның дамуы, соның ішінде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мен Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ кампустарының құрылысы туралы мәлімет берілді. Министрлік цифрлық университет моделін әзірлеп жатыр. Студенттер Coursera жаһандық онлайн білім беру платформасында оқу мүм-

кіндігіне ие болды. Қазірдің өзінде олардың 40 мыңы сертификат алды. Платформадағы 100 негізгі курсты қазақ тілінде оқуға болады.

Мемлекет басшысына Қазақстанның әлемдік білім беру кеңістігінде белсенді ілгерілеп келе жатқаны туралы баяндалды. QS рейтингіне 21 жоғары оқу орны, ал Times Higher Education рейтингіне 4 университет кіреді. Жыл соңына дейін елімізде жұмыс істейтін жетекші шетелдік университеттер филиалдарының саны сегізге жетеді. Халықаралық компаниялармен бірлесіп, жасанды интеллект саласында кадр даярлау ісі басталды. «Мамандығым – болашағым» жобасы аясында өңірлерде кадр қажеттілігін форсайт-зерттеу жүргізу үшін жобалық кеңселер ашылып жатыр.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа берілген мәлімет бойынша Ұлттық ғылым академиясының институционалдық рөлі күшейіп келеді. Президент жанындағы Ғылым және технологиялар жөніндегі ұлттық кеңес өз жұмысын бастады.

Ғалымдардың орташа жалақысы 2 есе өсіп, 252 мың теңгеге жетті. Іргелі зерттеулермен айналысатын ғылыми-зерттеу институттары тікелей қаржыландырылатын болды. Ғылым саласының 2023-2025 жылдарға арналған жалпы бюджеті 3,3 есе артып, 643 миллиард теңгені құрады.

Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінің ғылымдары тазалығы 99,5 пайыз мөлшерінде селен алу технологиясын ойлап тапты. Бұл химиялық элемент медицинада, электроникада және шыны өндірісінде кеңінен қолданылады. Осы жаңалықтың арқасында Қазақстан аталған сирек металды анағұрлым тиімді бағамен экспорттай алады.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы білім беру деңгейін арттыру, инновацияларды ынталандыру және ғылыми зерттеу жұмыстарының сапасын жақсарту, сондай-ақ студенттер жатақханаларындағы орын тапшылығын азайту жөнінде бірқатар тапсырма берді.

## АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫН НЕ ТОЛҒАНДЫРАДЫ?

Елорда әкімі Жеңіс Қасымбек Нұра ауданы тұрғындарымен кездесті. Олар жүздесуде әлеуметтік нысандар, жолдар, кәріз желісін, нөсер кәрізін, аулалар мен қоғамдық кеңістіктер салу, жарықтандыру, жаңа бағдарларды іске қосу, тығыз салынған құрылыстар және тағы басқа мәселелерді көтерді. Бұл туралы қала басшысы әлеуметтік желідегі парақшасында ақпарат берді.



«Бірқатар орында көппәтерлі тұрғын үй кешендерінің құрылысы тоқтатылды. Үйдің орнына мектептер, медицина орталықтары, қоғамдық кеңістіктер (аландар) және тағы басқа әлеуметтік нысандар салынады. Бұған ерекше мысал – Ш.Айтматов-Сығанақ көшелерінің қиылысындағы учаске. Осыған дейін бұл орында 12 қабатты көпқызметтік кешен салу жоспарланған. Қазір мұнда саябақ абаттандырылып,

көпжылдық өсімдіктер мен ағаштар отырғызылды. Бұл орын маңайдағы тұрғын үй кешендерінің мыңдаған тұрғыны үшін тартымды орталыққа айналды» деп жазды Жеңіс Қасымбек.

Әкім қаланың өсу қарқынын ескерер болсақ, аудан қажеттіліктерінің бірі әлеуметтік нысандар салу екеніне тоқталды.

«Мысалы, биылғы оқу жылында 11 мектеп ашамыз, ал оның 4-еуі Нұра ауданында болмақ. Сонымен бірге Мемлекет бас-

шысының тапсырмасы бойынша «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында 2024-2025 жылдары 24 мектеп саламыз. Олардың 9-ы Нұра ауданында орналасады» деп түсіндірді қала басшысы.

Оның айтуынша, 2029 жылға дейін елордада 15 Оқушылар сарайы салынады. Олардың кейбіріне бассейн салу жоспарда бар. Осылайша, алғашқы 5 Оқушылар сарайының құрылысы келесі жылы басталады. Олардың бірі Нұра ауданында орналасады.

## ЕМДЕУ МЕКЕМЕСІН ТЕКСЕРДІ

Алдағы 3 жылға арналған елорданың денсаулық сақтау жүйесін дамытудың кешенді жоспарын іске асыру үшін қаладағы емдеу мекемелері тексерілуде. Осы ретте Астана қалалық мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов бастаған депутаттар елордадағы 2 көпбейінді қалалық ауруханаға барып, емдеу мекемесінің жұмысындағы қиындықтарды білді.

Райхан  
РАХМЕТОВА

Аталған медициналық мекеменің тарихы 1993 жылы облыстық балалар клиникалық ауруханасы ретінде басталды. Бүгінгі таңда аурухана 700 пациентті қарап, емдеуге арналған. Мекеме ғимараты қазіргі уақытта автономды жылыту жүйесіне қосылған, бірақ жұмыстың тұрақтылығы мен тиімділігін қамтамасыз ету үшін оны орталық жүйеге қосу қажет. Сонымен қатар аурухана аумағының 17 гектар жеріне науқастар мен қызметкерлерге жайлылықты қамтамасыз ету үшін жедел түрде автотұрақ аймақтарын әзірлеу және салу қажеттігі анықталды.

– Аурухананың лифт қондырғылары ашылғаннан бері өзгерген жоқ және ауыстыруды қажет етеді. Бұл жерде күн сайын 120-ға жуық ота жасалады. Жансақтау бөлімшесінде орын тапшылығы, ота жасау орындарының ескіргені, қажетті медициналық жабдықтардың жетіспеушілігі де байқалады. Осы проблемалық мәселелерді шешу үшін кешенді жоспар аясында құрылыс



және даму бағдарламасына өтінім беруді тапсырдым, – дейді Е.Каналимов.

Кездесу барысында шұғыл медициналық көмек көрсету сапасына әсер ететін клиниканың өзекті мәселелері талқыланды. Депутаттар аурухананың клиникалық және акушерлік блоктарын, инновациялық тәсіл іске

қосылған госпитальдік фармация бөлімшесін аралады. Сондай-ақ комиссияға емдеу-диагностика орталығы, №2 терапия бөлімшесі және қазір жөндеу жұмысы жүргізіліп жатқан асхана блогы көрсетілді. Күрделі жөндеу бойынша барлық жұмыс аурухананың өз бюджеті есебінен жүргізіледі. Бұдан бөлек, комиссия қабылдау-диагностика кешенінің құрылыс алаңына барып, ғимарат салушы компания өкілдерімен жұмыс барысы туралы сөйлесті. Аурухана екі жеке ғимаратта орналасқандықтан, 2018 жылы қалалық аурухана мен перинаталдық орталық біріккен уақыттан бастап бірқатар қолайсыздық туындағаны рас. Осылайша корпустарды біріктіру, өзге де қолайсыз факторларды жою, пациенттерді ыңғайлы, жайлы ортамен қамтамасыз ету мақсатында қабылдау-диагностика кешенін салу жоспарланған.

## АГЛОМЕРАЦИЯ МӘСЕЛЕСІН ТАЛҚЫЛАДЫ

Астана мәслихатының депутаттары «Астанабасжоспарда» агломерация мәселесін талқылады. Бұл туралы мәслихат төрағасы Ерлан Каналимов мәлім етті.

«Елорданың қала маңындағы аймақтарында жер қатынасын жақсарту, инфрақұрылымды стратегиялық дамыту және агломерация шеңберінде мәдениет пен білім беруді дамыту тақырыбына қайта оралдық. Осы және басқа да міндеттерге қол жеткізу үшін инвести-

циялар қарастырылған. Қала маңындағы ауыл тұрғындарының өтініші бойынша елордаға баратын қоғамдық көліктің жұмысын талқылады. Кездесу қорытындысы бойынша еңбек және өндірістік ресурстарға талдау дайындауды тапсырдым, Астанамен шекаралас қанша

тұрғын жұмыс істейтінін білу маңызды. Сонымен қатар 9 елді мекенде мектеп жоқ, мұны да ескеру қажет. Ақмола облысының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы да осындай талдау жасауы қажет» деп жазды Е.Каналимов әлеуметтік желідегі парақшасында.

## БІТІМГЕРЛЕР ЛИВАННАН ОРАЛДЫ

Қазақстан Республикасы Қарулы күштерінің тоғызыншы бітімгерлік контингенті «БҰҰ-ның Ливандағы уақытша күштеріндегі» миссиясын аяқтады.

Әскери қызметшілер алты ай ішінде «Шығыс» секторында Үнді бітімгерлік батальонының құрамында тапсырмаларды орындады. Жауапкершілік аймақтарында жаяу, мобильді және әуе патрульдерін жүргізіп, тосқауыл бекеттерінің жұмысын ұйымдастырды, бітімгерлік базасын күзетіп, бейбіт келісімдердің сақталуын қамтамасыз етті.

Бітімгерлерді Қорғаныс министрлігі Бітімгерлік операциялар орталығы бастығының орынбасары – штаб бастығы, полковник Бақытжан Жетпісов бастаған әскери қызметшілер, сондай-ақ туыстары мен жақындары қарсы алды.

«Өңірдегі қиын жағдайға қарамастан, бөлімшенің әскери қызметшілері жүктелген міндеттерді лайықты орындап шықты. Біз үйге жақсы көңіл

күймен оралдық. Алты ай ішінде кейбір әскери қызметшілеріміздің отбасында сәбилер дүниеге келді» дейді бітімгерлік бөлімшесінің командирі, капитан Фархат Ақбакиев.

Жақында Ливан Республикасынан келген бітімгерлердің орнына Қазақстан Республикасы Қарулы күштерінің оншы бітімгерлік контингенті аттанды.





## ЕРЛІК ЕШҚАШАН ҰМЫТЫЛМАЙДЫ

«Жерұйық» саябағында «Ерлік ешқашан ұмытылмайды» тақырыбында әскери-патриоттық іс-шара өтті.

**Қалиакбар  
ҮСЕМХАНҰЛЫ**

Ұлы Отан соғысы кезінде, 1941 жылдың күзінде Дубосеково станциясының түбінде ерен ерлік көрсеткен генерал-майор Иван Панфилов пен 28 батыр-панфиловшылар мемориалына гүл шоғын қою рәсіміне Астана қаласы әкімдігі мен Қорғаныс министрлігі өкілдері, Ұлы Отан соғысының тыл ардагерлері, Қарулы күштердің, Ауған соғысы мен жергілікті қақтығыстар ардагерлері, қала мектептерінің оқушылары және «Жас сарбаз» жасөспірімдер

әскери-патриоттық қозғалысы тәрбиеленушілері, әскерге шақырылушылар мен қоғамдық ұйымдар, ҚР ҚМ әскери колледж ұландары, мерзімді қызмет әскери қызметшілері, ҚР ҚМ Орталық әскери оркестрі, қала тұрғындары қатысты.

– Ұлы Отан соғысы басталғаннан кейін бүкіл Кеңес халқы, соның ішінде Қазақстан да жұмылдырылды. Алматыда 316-дивизия құрылды. 16 қарашада біздің батырларымыз – 28-панфиловшылар ұмытылмас ерлік жасады. 18 қарашада Мәскеу түбіндегі шайқаста бір ай бойы көрсеткен

табандылығы үшін 316-атқыштар дивизиясы «8-гвардиялық дивизия» атағына ие болды. Сол күні дивизия командирі, генерал-майор Иван Васильевич Панфилов шайқаста қаза тапты. Міне, қазақстандықтардың осы бір ұлы ерлігін біз естен шығармауымыз керек. Әсіресе жас ұрпаққа отаншылық тәрбиені күшейтіп, ерліктің ешқашан ұмытылмайтынын санасына терең сіңіруіміз керек, – деді Астана қаласы Қорғаныс істері департаментінің бастығы Айдын Сағымбеков.

Гүл қою рәсімінен кейін қонақтар мен іс-шараға қатысушылар қаза тапқан сарбаздарды бір минут үнсіздікпен еске алды.

## БОЛАШАҚ МАМАНДАРМЕН ПІКІР АЛМАСТЫ



Бас қаладағы Maqсут Narikbayev University қабырғасында Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкен «Жас мемлекеттік қызметшілер мектебінің» қатысушыларымен кездесті.

**Индира  
БЕРЖАНОВА**

Астана қаласы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі департаментінің ұйымдастыруымен өткен кездесу сұрақ-жауап форматында өтті. Жоба қатысушыларына қала әкімінің орынбасары Есет Байкен мемлекеттік қызметтің маңызын, жастарға мемлекет тарапынан беріліп жатқан мүмкіндіктер жайлы және жастардың қоғамдағы ролін

айтып, өзінің мемлекеттік қызметті атқару кезінде орын алған қызықты оқиғаларымен бөлісті. Сондай-ақ спикер өз сөзінде мемлекеттік қызметте жастардың орны ерекше екенін айтып, болашақ мамандарға қажет кеңесімен бөлісті.

Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің бастамасымен мемлекеттік секторға таланттар пулын іздеу және қалыптастыру мақсатында «Жас мемлекеттік қызметшілер мектебі» жобасының кезекті іріктеуі биыл жол

тартқан еді. Жобаның негізгі мақсаты – жоғары оқу орындарының түлектерін, жас таланттарды мемлекеттік қызметке тарту, оларға мемлекеттік қызметтің тартымдылығын көрсету және жастарға мемлекет тарапынан берілген мүмкіндіктерді таныстыру.

Аталмыш жобаның негізгі кезеңдері өтініш беру, белгіленген тақырыпта эссе жазу, мемлекеттік органдарда тәжірибеден өту, ҚР Президенті жанындағы басқару академиясында оқыту және мемлекеттік қызметшілерден дәріс алуға бағытталады. Биыл жобаға қатысуға Астана қаласы бойынша жоғары оқу орындарының бітіруші 98 түлегінен өтініш қабылданып, екінші кезеңді, яғни эссе жазуды 36 студент сәтті аяқтады.

## ДІНТАНУШЫЛАРМЕН СҰХБАТТАСТЫ

Астана қаласы Дін істері басқармасының қолдауымен Діндерді зерттеу орталығы мұғалімдердің біліктілігін арттыру мақсатында семинар өткізді. Іс-шара дін саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі кешенді жоспарды орындау шеңберінде ұйымдастырылды.

**Айгүл УАЙС**

Ұстаздарға арналған семинарда мектеп оқушыларының интернеттегі деструктивті діни ағымдардың парақшаларына жазылуының алдын алу, құмар ойынға тәуелділік, буллинг және балалардың өз-өзіне қол жұмсауының алдын алу мәселесі көтерілді.

Дін істері басқармасының басшысы Қайролла Көшқалиевтің айтуынша, Қазақстан бойынша жыл басынан бері 139 жасөспірім өз-өзіне қол жұмсаса, тағы 233-і осындай қадамға баруға тырысқан. Еліміздің Қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығының статистикасы бойынша еліміздегі әрбір бесінші жасөспірім буллингке ұшыраған.

Дінтану саласының белгілі мамандары: тарих ғылымдарының докторы, профессор Марат Әбсеметов, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті дінтану кафедрасының меңгерушісі, философия ғылымдарының кандидаты Кеңшілік Тышхан, психолог, дін мәселелері бойынша сарапшы Жұлдыз Жаңабегенова тақырыпты жан-жақты талқылап, дін саласындағы заңнамалар, жастармен насихат жұмысының ерекшелігі және деструктивті діни ағымдардың белгілерін тану тәсілдеріне қатысты сараптама жасады.

Мамандар ұстаздардың назарын интернет кеңістігіндегі қауіпсіздікке, сондай-ақ психология тұрғысынан өзекті проблемалық мәселелердің себептеріне ерекше назар аударды.

## ЕЛОРДАНЫҢ ҰЗДІК ПЕДАГОГТАРЫ

Астанада «Ұздік педагог» республикалық байқауының қалалық кезеңіндегі жеңімпаздары марапатталды. Ұздік деген мұғалімдер байқаудың қалалық кезеңіне қатысып, жүзден суырылып, алға шықты.



**Гүлшат  
САПАРҚЫЗЫ**

Байқау талаптарының жоғары болғанына қарамастан, тәуелсіз сарапшылар ұздіктің үздігін анықтады, оның қорытындысы бойынша 80-100 балл аралығында ұпай жинаған 10 қатысушы байқау жеңімпазы болып анықталды және олар «Ұздік педагог-2023» атағына лайықты республикалық байқауға жолдама алды. Биылғы байқаудың жүлде қоры: 10350000 теңге.

**«Ұздік педагог-2023» байқауының жеңімпаздары:**

\* Нұргүл Даривхан – №93 мектеп-лицейінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.

\* Салтанат Төлегенова – Қ.Сәтпаев атындағы «Binom school» мектеп-лицейінің математика пәні мұғалімі.

\* Жұлдыз Нұранова – №45

«Самұрық» бөбекжай-бақпасының тәрбиешісі.

\* Серіккүл Сексенбаева – №8 мектеп-лицейінің бастауыш сынып мұғалімі.

\* Ақмарал Қожантаева – Жамбыл Жабаев атындағы №4 мектеп-гимназияның химия пәні мұғалімі.

\* Елена Иванова – №46 балабақша-мектеп-гимназия кешенінің балабақша тәрбиешісі.

\* Баян Күргизбаева – №64 мектеп-лицейінің география пәні мұғалімі.

\* Серік Тұранов – кәсіптік-техникалық колледжінің өндірістік оқыту шебері.

\* Жәніс Кенжекей – дарынды ер балаларға арналған «Білім-инновация» мектеп-интернатының физика пәні мұғалімі.

\* Күнсұлу Халиди – қоғамдық тамақтандыру және сервис колледжінің өндірістік оқыту шебері.

## ЕЛОРДА ТҰРҒЫНДАРЫ МЕН АСТАНА ҚАЛАСЫ МӘСЛИХАТЫ СЕГІЗІНШІ САЙЛАНЫМЫ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

**2023 жылғы 23 қараша сағат 09:00-де** қалалық мәслихаттың мәжіліс залында Астана қаласы мәслихатының сегізінші сайланымының кезектен тыс сессиясы шақырылады.

**Сессияның қарауына келесі мәселелер енгізіледі:**

1. Астана қаласы әкімінің елорданың әлеуметтік-экономикалық дамуы жөніндегі есебі туралы.

2. «Астана қаласында алты жалпы білім беретін мектеп салу және пайдалану» мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелерді қабылдау туралы» Астана қаласы мәслихатының 2021 жылғы 14 сәуірдегі №34/4-VII шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

3. «Астана қаласында аппараттық-бағдарламалық фотобейнегіркеу және бейнеталдау кешенін құру және пайдалану» мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелер қабылдау туралы»

Астана қаласы мәслихатының 2017 жылғы 20 шілдедегі №171/21-VI шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

4. «Астана қаласы әкімдігінің көліктік қызмет көрсету жөніндегі мемлекеттік-жекешелік әріптестігінің қызмет көрсету келісімшарты» мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелер қабылдау туралы» Астана қаласы мәслихатының 2018 жылғы 28 тамыздағы №304/37-VI шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

5. Жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті иеліктен шығару туралы шарттарының жобаларын келісу туралы.

Анықтама телефондары: 55-66-35, 55-66-36.

**Е.КАНАЛИМОВ,  
Астана қаласы  
мәслихатының төрағасы**

## ТҰМАУДАН САҚТАНЫҢЫЗ!

Күз кезінде тұмау – жіті респираторлық вирус инфекциясы (ЖРВИ) адамдарда түрлі ауруды қоздырады. Сондықтан да бүгінгі таңда тұмаудың алдын алудың ең тиімді және ғылыми негізделген әдісі – вакцина алу.

**Гүлшат  
САПАРҚЫЗЫ**

Астана қалалық Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының мәліметіне сүйенсек, тұмауға қарсы иммунитетті уақытты қалыптастыру мақсатында ағымдағы жылы Астана қаласы бойынша 160 мың адам тұмауға қарсы вакцина алды, бұл тіркелген халықтың жалпы санының 11,4 пайызын құрайды. Жалпы имундаудан кейін қолайсыз көрініс байқалмады.

ЖРВИ мен тұмаудың алдын алу мақсатында №15 қалалық емхананың жалпы практика дәрігері Арайлым Кәрімова мынандай алдын алу шараларын ұсынады:

\* таза ауада, саябақта, скверде серуендеу (тыныс алуды дұрыс реттеу арқылы жүру өкпе вентиляциясын күшейтеді, қан айналымы жүйесін жақсартады, азаны шынықтырады);

\* қол гигиенасын сақтау – қолды сабынмен жиі жуу, әсіресе көшеде серуендегеннен кейін;

\* науқас адаммен қарым-қатынаста медициналық қорғау маскаларын қолдану;

\* пәтер мен жұмыс үй-жайын жүйелі түрде желдету;

\* эпидемиялық маусым кезеңінде мүмкіндігінше адам көп жиналатын жерлерден аулақ болу;

\* салауатты өмір салтын ұстану, дене шынықтыру және азаны шынықтыру;

\* С витаминіне бай тағамдарды жеу;

\* ауырып қалсаңыз, өз-өзіңізді емдеумен айналыспаңыз, тұрғылықты жеріңіз бойынша емханаға барыңыз немесе дәрігерді үйге шақырыңыз. Ешбір жағдайда айналаңызға қауіп төндіріп жүре беруге болмайды.

Егер сіз өзіңізді қолайсыз сезінсеңіз, міндетті түрде емханаға барыңыз. Ауырмай, аман жүрейік!

№137 (4570) 18/11/2023 Сенбі

– Мақсат Саматұлы, тұрғындармен үнемі кездесулер өткізіп тұрасыз. Бүгінгі таңда оларды нендей мәселелер көбірек толғандырады?

– Жыл басынан бері аудан әкімі ретінде 58 жеке қабылдау өткізіп, 380 азаматты қабылдадым. Онда 585 сұрақ талқыланды. Оның ішінде ең көбі материалдық және азық-түліктік көмек көрсету, абаттандыру, көгалдандыру, мүлік иелерінің бірлестігін құру, заңгерлік көмек көрсету және т. б. төңірегінде болды. Олардың 55 пайызы өз шешімін тапты. Сонымен бірге тұрғындарды баспана, жәрдемақы, атаулы әлеуметтік көмек, ПИК және МИБ жұмысы, орта кәсіпкерлік үшін жер телімдерін бөлу, жолдар мен желілерді, білім беру нысандарын салу мәселелері жиі мазалайды. Бұл ретте түсіндіру жұмысы жүргізілді.

– Қазіргі кездегі ең өзекті проблеманың бірі – елорданы газдандыру. Бұл бағытта қандай жұмыс жүргізіліп жатыр? Аудан тұрғындары толығымен газдандырылды ма?

– Алматы ауданы бойынша 5 тұрғын үй алабы мен 1 шағын ауданның тұтынушылары газбен қамтамасыз етілген. Бұл газдандыру жұмысы 2019 жылы басталған болатын, ал үйлерді газға қосу 2021 жылдың басында басталды. Содан бері газдандыру бойынша жұмыс шеңберінде 6580 абоненттің 5162-сіне техника шарты берілді, 4962 абонент, оның ішінде 252 шағын және орта бизнес, сондай-ақ физиопульмонология орталығы, қалалық жұқпалы аурулар орталығы, «Ақ қанат» балабақшасы, №57 орта мектеп сынды әлеуметтік нысан, 5 көп-пәтерлі тұрғын үй, атап айтсақ, «Есіл» ТК – Сүткент көшесі, 30 және 30/1, «Табыс» ТК – М.Төлебаев көшесі, 25, Қапал көшесі, 1/1, А-123 көшесі, 7-үй газға қосылды.

Барлығы 4 іске қосу кешені бойынша 29 газ реттеу пункті орнатылып, 298 шақырымнан астам желі салынды. 2021 жылы – 1613 абонент, 2022 жылы – 2775 абонент, 2023 жылы 574 абонент газға қосылды.

Сондай-ақ биыл «100 игі іс» бағдарламасы аясында «Халық банкі» АҚ өз қаражаты есебінде 32 абонентті газға қосты. Олар: халықтың аз қамтылған тобы мен зейнеткерлер. Жалпы ауданымызда газдандыру жұмысын алдағы жылдың соңына дейін аяқтау жоспарланып отыр.

– Аудан аумағындағы жолдардың жағдайы қалай? Биыл қай көшелер жөнделді?

– Алматы ауданындағы жолдар инфрақұрылымды дамыту жоспарына сәйкес



1998 жылғы 6 мамырда ел Президентінің Жарлығымен Қазақстан Республикасының астанасы – Ақмола қаласы Астана қаласы болып өзгерді. Осы күні елордада Алматы және Сарыарқа аудандары құрылды. Содан бері Алматы ауданы дамудың бірнеше кезеңінен өтті. Кейінгі жылдары халық санының өсуіне және қаланың дамуына байланысты 2008 жылы аудан аумағының бір бөлігі жаңадан құрылған Есіл ауданына, ал 2018 жылы Байқоңыр ауданына берілді. Бүгінде елорданы көркейтуге елеулі үлес қосып келе жатқан аудан әкімі Мақсат Саматұлымен сұхбаттасудың сәті түсті. Әңгіме барысында осы ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуы мен тыныс-тіршілігі кеңінен сөз болды.

## ТҰРҒЫНДАР ТІЛЕГІ – ТҰРАҚТЫ НАЗАРДА

### АЛМАТЫ АУДАНЫ

15 471 га  
аудан аумағы

Ауданда 6 тұрғын  
алап орналасқан:

1. Промышленный»
2. «Железнодорожный»
3. «Интернациональный»
4. «Мичурино»
5. «Күйгенжар»
6. «Оңтүстік-Шығыс»

376 000  
тұрғындар саны

28

Мемлекеттік мектептер

60 997

Мектептегі оқушылар

9

Жекеменшік мектептер

3

Үш ауысымда оқитын мектептер саны

28

Мемлекеттік балабақшалар

8 772

Балабақшадағы балалар



да жерасты инженерлік желілері болғандықтан, жұмыс жүргізу мүмкін емес.

– Қоғамдық кеңістіктер туралы не айтасыз?

– Қоғамдық кеңістіктерді дамыту – біздің басты міндетіміздің бірі. Өйткені қала тұрғындары мен қонақтары бос уақытын жайлы және денсаулығына пайдалы түрде өткізе алатын жаңа тартымды орындардың ашылуы бәріміз үшін маңызды деп ойлаймын. Мұндай қоғамдық кеңістіктердің ашылуына қала әкімі де үлкен мән беретінін атап өткен жөн. Осыған байланысты биыл ауданымызда 8 қоғамдық кеңістік, атап айт-

сак, Қ.Сәтбаев көшесіндегі кеңістік, Ақбұлақ өзенінің жағалауы, К.Әзірбаев, 10, Тәуелсіздік-Р.Қошқарбаев қиылысындағы кеңістік, Қордай, 100-көшедегі кеңістік, А.Храпатый көшесіндегі кеңістік және «Арқар» көпірінің астындағы бокс алаңы.

Қ.Сәтбаев көшесіндегі кеңістік, Ақбұлақ өзенінің жағалауы, К.Әзірбаев, 10, Тәуелсіздік-Р.Қошқарбаев қиылысындағы кеңістік, Қордай, 100-көшедегі кеңістік, Қордай-Тайқазан қиылысындағы, А.Храпатый көшесіндегі кеңістік және «Арқар» көпірінің астындағы бокс алаңы абат-

тандырылды. Өткен жылы «Встреча» СУ, «Достық» саябағы, Абылай хан даңғылы, Р.Қошқарбаев даңғылы және Қордай көшесінің қиылысы, «Железнодорожный» тұрғын алабы, «Интернациональный» тұрғын алабы және Президент саябағындағы амфитеатр абаттандырылды.

Қала әкімі айтқандай, келесі жылы біз, Қаныш Сәтбаев көшесін мысалға ала отырып, жаңу жүргініштер кеңістігін дамытуды жалғастырамыз деп жоспарлап отырмыз. Жоспарға Абылай хан даңғылының Ақбұлақ өзенінің жағалауынан Б.Момышұлы даңғылына дейінгі бөлігін абаттандыру кіреді. Ақбұлақ өзенінің жағалауын абаттандыру да Абылай хан даңғылынан Амман көшесіне дейінгі абаттандырылған аумақтан жалғасады.

2024 жылы Абылай хан даңғылының Ақбұлақ өзенінің жағасынан Манас көшесіне дейін, Манас көшесінен Б.Момышұлы даңғылына дейін және Абылай хан даңғылынан Амман көшесіне дейін абаттандыру жоспарланып отыр.

– Тұрғындарды толғандырған тағы бір мәселе – мектеп пен балабақшаның жетіспеуі. Бұл қашан шешіледі?

– Әрине, мектептер мен балабақшалардың жетіспеушілігі мәселесі бізді қатты алаңдатады. Сондықтан барлық тұрғындардың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жаңа білім беру мекемелерін салу және қолданыстағыларын кеңейту бойынша жұмыс жүргізіліп жатыр. Бұл жайлы қала әкімі 24 жайлы мектеп құрылысының басталғаны туралы айтқан болатын.

Сонымен қатар Астана қаласының халық саны соңғы жылдары жоғары

қарқынмен өсіп жатыр. Егер 2022 жылы 1-сыныпқа барған балалардың саны 4700 болса, осы жылы 5000-ға өсті. Сондықтан осы жылы ауданымызда мектептерді кеңейту бойынша жұмыс жүргізіліп жатыр. Биыл 600 орындық бір мектепке қосымша жапсаржай салу аяқталды, екіншісі осы жылдың соңына дейін аяқталады деп жоспарланып отыр. 1200 орындық тағы екі мектепке қосымша жапсаржай салу биыл жылдың аяғында басталып, 2024 жылы аяқталады.

Сондай-ақ 4 жайлы мектептің құрылысы жоспарлануда, қазіргі уақытта оның үшеуінде құрылыс жұмысы басталып кетті. Тағы бір айта кететін жайт, біз қолданыстағы мектептердің жағдайын жақсарту үшін де жұмыс істеп жатырмыз. Биыл 2 мектеп: №51 және №57 орта мектеп күрделі жөнделуден өтті. Ал балабақша мәселесіне келетін болсақ, 2017 жылдан бастап әкімдік балабақша салған жоқ, сол уақыттан бері салынған балабақшалардың барлығы жекеменшікте. Сондықтан Жеңіс Махмұдұлы атап өткендей, балабақшалар тапшылығын жою үшін алдағы 3-4 жылдың ішінде елордамызда кемінде 60 мемлекеттік балабақша салу жоспарланып отыр.

– Қоғамдық көлік қозғалысына тұрғындардың көңілі тола ма? Негізі, қала сыртындағы тұрғындарға автобус маршруты жеткілікті ме?

– Қазіргі таңда халық санының күрт өсуіне байланысты қоғамдық көліктің жетіспеушілігі бастады. Бұл туралы қала басшысы да айтып кеткен болатын. Сондықтан қоғамдық көліктің тапшылығын азайту үшін осы жылы шамамен 400 автобус алдырту жоспарланып, қазіргі уақытта оның 200-і өз жұмысын бастады.

Жыл басынан бері Алматы ауданының маршрут желісін жаңғырту бойынша 4 бағытта кешенді жұмыс жүргізілді: 1. Жаңа маршрутты іске қосу аясында ағымдағы жылдың 31 тамызында «Төле би көшесі» – «Нұрлы жол» теміржол вокзалы» қатынасымен №57 жаңа қалалық маршрут іске қосылды. 2. Маршрут схемаларын жетілдіру, аялдама қосу. 3. Қозғалыс кестесін оңтайландыру. 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап қазіргі уақытқа дейін Астана қаласының қоғамдық көліктің маршруттарындағы қозғалыс кестесін ұлғайту арқылы оңтайландыру жұмысы жүргізіліп, 16 бағыт бойынша 24 бірлікке өсті. 4. Жылжымалы құрамды жаңарту. Жаңа автобустарды жеткізу аясында Алматы ауданындағы №3, 14, 15, 15А, 32, 43, 50, 54, 61, 64 маршруттары бойын-

ша жылжымалы құрамды жаңарту жұмысы жүргізілді.

Жалпы мен Алматы ауданының әкімдігінде 2012 жылдан бастап қызмет атқарып келемін. Осы 10 жылдан астам уақыт ішінде үлкен тәжірибе жинап, соның негізінде қазіргі таңда әріптестерімізбен бірге ауданымызды көркейтудің үшін жұмыс істеудеміз. Ал енді осы ауданға әкім болған уақыттан бері атқарылған жұмыстарға келетін болсақ, бұл ретте негізгі жұмыстар аулаларды және қоғамдық кеңістікті абаттандыруға бағытталды. Мысалы, ауданымыздағы 465 ауланың 155-і жөнделуді қажет етеді, қалғаны абаттандырылған. Соған байланысты осы жылы 62 аулада абаттандыру жұмыстары жүргізілді. Қазіргі таңда оның 55-інің жұмысы аяқталды, ал 7-еуінің жөнделу жұмысы жыл соңына дейін аяқталады.

Қоғамдық кеңістіктерге келетін болсақ, бастапқыда 4 қоғамдық кеңістікті абаттандыру жоспарланған болатын, бірақ тұрғындардың өтініші бойынша олардың санын 8-ге дейін өсірдік. Тұрғындардың тілегімен алғаш рет тротуарларды абаттандыру жүргізілуде, 18 учаске қамтылды, оның 10-ы әлеуметтік нысандардың жанына 4 шақырым асфальт төселді.

Жарықтандыру бойынша ауданымызда өткізілген жұмыстар барысында ЖКУ шамдарының 93 пайызы жарықдиодты шамдарға ауыстырылды, үйлердің кіреберісіне 1000-нан астам шам орнатылды, саябақтар мен скверлерде 340 жарықтандыру тірегі орнатылды, оның ішінде 39 тірек «Жерұйық» паркі, «Встреча» СУ алаңы, Мереке бойындағы сквер, «Алма» сквері, Президент саябағы, Қазақ ауылы, Сүткент көшесі, 30, Р.Қошқарбаев скверінде орнатылды. Жарықтандырылмаған 16 орамшілік аумақта жарықтандыру жұмысы жүргізілуде. Жыл басынан бері 8000 ағаш, 506 мың біржылдық гүлдер отырғызылды.

– Мақсат Саматұлы, бас қаланың қай жері сізге ерекше ұнайды?

– Астана еліміздің бас қаласы ретінде өмірімде ерекше орын алады. Бұл қала өмірімдегі маңызды сәттердің куәсі болды. Өйткені Астанада отбасын құрдым, балаларым дүниеге келді, ата-анамды қасыма көшіріп алдым. Мен қазіргі Қазақстанның символы болған әсем қалада тұрып, жұмыс істеп жатқанымды мақтан тұтамын.

Елорданың маған ұнайтын жерлері – ауданымызда орналасқан «Триатлон» саябағы және Ботаникалық саябақ. Мен, негізі, саябақтарда серуендегенді жақсы көремін, ал бұл жерлер табиғатпен оңаша болғысы келетіндер немесе қаланың қарбаласынан демалғысы келетіндер үшін тамаша орын деп санаймын. Жалпы аудан тұрғындарына алға қойған мақсатына жету жолында таусылмас ынта, күш пен табандылық тілеймін. «Бірлік түбі – береке» дегендей, барлығымыз бірлесіп ауданымызға қамқорлық жасап, өз күшімізді салып, оның өмір сүруге ыңғайлы және жайлы орынға айналуына септігімізді тигізейік!

Сұхбаттасқан  
Гүлбаршын  
ӨКЕШҚЫЗЫ



Астана қаласының іргесіндегі «Учхоз» деген қосалқы атауы бар Интернациональный елді мекеніне бардық. Онда С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінің «Балық шаруашылығы» ғылыми-зерттеу орталығы бар. Тәжірибе алаңында акваөсіру мәдениетін ілгерілетумен қатар, балық өсіруді бизнестің табысты көзі ретінде ғылыми дәйектейді. Ғалымдар Африканың жайыны мен Аустралияның көк шаянын жерсіндіріп, бекіре мен тұқыны биотехнология тәсілімен көбейтуді қолға алды.

Нұрлат  
БАЙГЕНЖЕ

#### БАЛЫҚ ӨСІРУ – ТАБЫСТЫ КӘСІП

Ғылыми орталықтың директоры, ветеринария ғылымының кандидаты, доцент Қуаныш Сыздықов:

– Тропикалық балықты көбейту – күрделі технологиялық процесс. Африка мен Таяу Шығыс елдерінде кездесетін кларии жайынын қоңыржай аймақта және жасанды бассейнде көбейтуге болады. Біздің елде жаз айында жоғары температурасы бар су қоймасы мен жабық сумен қамтамасыз етілген балық өсіру жүйесін пайдалануға мүмкіндік мол.

2001 жылы кафедра ашылса, 2010 жылы балық зертханасы құрылды. Мақсат – студенттердің практикалық дағдысын шыңдау. Екінші жағынан, кәсіптік балықтың сапасын жақсарту, балық өсіп-өндіру жұмысын жүргізудің ғылыми тұрғыда тиімділігін көрсетіп, кәсіпкерлерді осы салаға ынталандыру, – деді.

Агроөнеркәсіп кешенінің маңызды әрі табысты саласының бірі – балық шаруашылығы. Қытай, Норвегия,



## БАЛЫҚ БАЙЛЫҚ КӨЗІНЕ АЙНАЛА МА?

Негізі, африкалық балықты жылына 12 ретке дейін көбейтуге болады. Кларии жайының ерекшелігі 3-4 айында жыныс белгісі анықталса, біздің елдегі балықтың жыныс белгісі 3 жылдан кейін белгілі болады. Яғни жылы аймақта өмір сүретін балық тез көбейіп, тез өсіп, тез салмақ қосады. Бұл – тауарлық балық өндірісін кеңейтіп, балық бизнесін дамытуда таптырмайтын жоба. Аустралияның көк шаяны 6 айда жарты келі өнім береді әрі нарықта сұраныс жоғары,

мамандарын даярлауға басымдық берді. Бұл туралы аңшылықтану және балық шаруашылығы кафедрасының меңгерушісі Гүлжан Аубакирова айтты.

– Балық кластерін құру және дамыту – маңызды бағыт. Ол үшін теңіздің немесе мұхиттың жағасында тұру міндетті емес. Білікті мамандар мен дұрыс ниет болса, жасанды тоған мен бассейнде балық шаруашылығын ілгерілетіп, табыс табуға болады. Ихтиолог мамандарға сұраныс жоғары екені ескеріліп, жыл сайын 115 мемлекеттік грант бөлінеді. Осы мамандық бойынша білім беретін 6 жоғары оқу орны грантты толық игере алмайды. Мәселен, 2023-2024 оқу жылында 94 грант бос қалды. Талапкерлер перспективасы салаға бет бұрып, маманданса дейміз, – деді биология ғылымының кандидаты, PhD докторы Гүлжан Аубакирова.

Елордадағы жоғары оқу орнында балық өсіру және балық өнімін өңдеу технологиясы бойынша 21 студент бакалавр, 4 ізденімпаз магистр деңгейінде білім алуға. Балық шаруашылығын табысты сала ретінде таңдайтын талапкер саны көбейсе, елге керекті ихтиологтар көптеп шығатыны анық.

2022 жылы АҚШ, Қытай, Испания, Вьетнам, Франция, Италия және Германиядан балық өнімдерін 152 миллион долларға импорттадық. Егер ихтиолог мамандар болса, балық ресурсының өсімін молайтып, импорттың көлемін қысқартуға болады. Өзі таңдаған мамандықтың маңызын түсінген Дайяна Нысамбаева:

– Теориялық білімді практикалық тұрғыда шыңдауда біздің кафедрада мүмкіндік көп. Одан бөлек, мамандық бойынша жұмыс табуда қиындық жоқ. Университетте 3-курста оқып жүріп, Астана океанариумында жұмыс істеп, табыс тауып жүрмін. Диплом алғаннан кейін үй жағдайында балық көбейтуді қолға алып, балық бизнесін дамытуды жоспарлап жүрмін, – дейді.

БҰҰ азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымының мәліметінше, акваөсіру саласы – ақуыз өнімдерін өңдеуде әлемде ең қарқынды дамып келе жатқан бағыт. Осыдан-ақ балық шаруашылығы саласының перспективасы мен ихтиолог мамандарды дайындаудың маңызын түсінуге болады.

– дейді ихтиолог-ғалым Жақсығали Қуаншалеев.

#### ИХТИОЛОГКЕ СУРАНЫС ЖОҒАРЫ

2020 жылы Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауында балық саласын дамытуға ерекше назар аударды. 2021 жылы Үкімет «Балық шаруашылығын дамыту мәселесі туралы» қаулы қабылдап, балық кластерін дамытуда субсидиялауды жолға қойды. 2030 жылға дейін қаралған жобала республикалық, жергілікті және бюджеттен тыс қаржы көзінен 609,4 миллиард теңге қарастырып, балық өсіру көлемін 7 мың тоннадан 270 мың тоннаға дейін жеткізу жоспарлады. Демек, ихтиолог мамандарға сұраныс жыл өткен сайын арта береді. Ғылым және жоғары білім министрлігі осыны ескеріп, балық шаруашылығы саласының



Үндістан, Чили, Вьетнам, Канада, АҚШ-тың экономикасында балық шаруашылығының үлесі миллиардтаған доллармен бағаланады. Мәселен, 2022 жылы Норвегия 2,9 миллион тонна балық экспорттап, қазынасына 15 миллиард доллар табыс кіргізді. Бұл елдегі балық экспортының 45 пайызы акваөсірумен үлесіне тиесілі.

Норвегияның Қазақстанмен бір ұқсастығы бар, ол мұнай қорына бай. Алайда Скандинавия елі экономиканы әртараптандырудың құралы ретінде балық және балық өнімдерін дайындауды таңдап, дамытып отыр. Еліміздің балық шаруашылығын дамытуға географиялық, климаттық жағдайы келеді әрі ішкі көлдер мен тоғандар аз емес. Солай бола тұра, балық кластерімен мақтана алмаймыз әрі ел тұрғындарының балықты тұтыну деңгейі де төмен.

Интернационаллы тұрғын алабы шаруашылық жұмыстарын жүргізуге ыңғайлы. Ғалымдар осындай мүмкіндікті пайдаланып, балық өмір сүрген органикалық заттар бай суды көкөніс түрлерін өсіргенде қолданады екен.

– Алдын ала балыққа егу жүргізіп, аналықтан уылдырық, аталықтан шәует алып, ұрықтандырамыз. Ұрықтандыру 1 минут, инкубация 1 тәулік уақыт алады. Дернәсілдерді аквариумда өсіреміз. Сосын шабақтарды бассейнге ауыстырып, тауарлы салмағы 400-500 граммға жеткенге дейін ұстаймыз. Біз жылына бір балықты екі-үш рет ұрықтандырамыз.

## КӘСІБІН ГРАНТ АЛЫП ДӨҢГЕЛЕТКЕН

Астанада «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы қолға алған «Бастау Бизнес» жобасы арқылы бизнес әліппесін меңгеріп, мемлекеттен грант алып, кәсібін дөңгелеткендер аз емес. Солардың бірі – елордалық әлеуметтік кәсіпкер, көпбалалы ана Ұлжан Мырзагелдиева.

Гүлбаршын  
ӨКЕШҚЫЗЫ

Оның негізгі мамандығы – қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі. 20 жыл мамандығы бойынша жұмыс істеп, жалақысы аз болғандықтан әрі балаларына көңіл бөлуге уақыт таппағандықтан мектептен кетіп, өз алдына жеке кәсіппен айналысуға бел буады.

– Бір күні автобуста келе жатып, екі әйелдің «Атамекен» жобасы туралы айтқанын естіп қалдым. Содан үйге кірісімен кәсіпкерлер палатасының

мектепке даярлау, ұзартылған күн тобы (1-4-сынып балалары үшін), домбыра, шахмат, көркем өнер, гитара, қобыз, вокал және шешендік өнер үйірмелері бар. Тегін үйірмелерден бөлек, ақылы курстар да жұмыс істейді. Балалардың көпшілігі шахмат пен гитара үйірмесіне жазылады. Шахматтан қалалық, облыстық, республикалық турнирге де жиі қатысады. Орталыққа қаламыздағы басқа ауданның балалары келе алмайды екен. Себебі осындай орталық елорданың барлық ауданында бар.

– Жұмыссыз жүрген көпбалалы аналарға «Бизнес Бастау» бағдарламасы өте тамаша мүмкіндік дер едім. Өз басым бәрін «нөлден» бастадым.



анықтама телефонын тауып алдым да, дереу хабарластым. Сөйтіп, 2019 жылы қарашада соңғы лекпен 24 күндік бизнес-жоспарға байланысты тегін курсқа жазылдым. Әрқайсымызға 18 мың шәкіртақы төленді. Бір топта 70 адам оқыдық. Курс соңында бизнес-жобамызды қорғадық. Сәтті шыққан жобаларға 505 мың теңге грант берді. Менің алғаш ұсынған массаж кабинетін ашу туралы жобам грантты жеңіп алды. Желтоқсанда кәсіпті бастағанымызбен, елде карантин болып, жұмысымызды әрі қарай жалғастыра алмадық. Сөйтіп, 2021 жылы «Бизнестің жол картасы-2025» бағдарламасы бойынша 5 млн теңге грант жеңіп, «Жақсылық арифметикасы» оқу орталығын аштық, – деді Ұлжан Мырзагелдиева.

Осылайша әлеуметтік кәсіпкерлікке келген ол орталықты ашуға көпбалалы аналардың сұранысы тікелей әсер еткенін айтты. Қазіргі таңда «Жақсылық арифметикасы» оқу орталығында 152 отбасының 2787 баласы тегін білім алып жатыр. Орталықта 27 мұғалім жұмыс істейді. Жұмыспен қамту орталығы жіберген 10 маман және бұрыннан істеп келе жатқан 7 мұғалім бар.

– Жалпы өзім бұл бағытты таңдағанда өзіме де, өзгеге де пайдалы болуды басты мақсат еттім. Оқу орталығымыз аз қамтылған отбасыларға көмек көрсетіп, көпбалалы аналармен, осындай отбасыдан шыққан балалармен жұмыс істеуге бағытталған. Баршаңыз білесіздер, бүгінде көпбалалы аналарға психологиялық, заңдық тұрғыда көмек керек болады. Біздің орталық сол кісілердің арнайы мамандардан тегін кеңес алуын ұйымдастырумен қатар әлеуметтік кәсіпкер ретінде демеушілер арқылы көптеген отбасыға азық-түлік себетін таратып, дәрі-дәрмегін алып беріп, балаларын киіндіруге көмектесеміз. Осылайша оқу орталығында тек қана білім беріп қана қоймай, қосымша қайырымдылық іс-шараларын да өткіземіз, – деді әлеуметтік кәсіпкер.

Орталықта мүмкіндігі шектеулі балалар мен көпбалалы отбасының балаларына тегін қызмет көрсетіледі. Олардың дені – 5-17 жастағы балалар.

Білім беру орталығы жетекшісінің айтуынша, оқу орталығында ағылшын тілі тереңдетіліп оқытылады. Мұнда

Сондықтан өзің қызығатын салада кәсіп ашу қиын емес. Әлеуметтік жобаларға қалалық және аудандық әкімдік қолдау көрсетіп, көмектесіп тұрады. Мәселен, биыл Халықаралық балалар күні мерекесінде Сарыарқа ауданының әкімдігі оқушыларымызға тегін балмұздақ таратса, қала күнінде «Бәйтеректі» аралатып, тегін кино көрсетті. Мұның барлығы біздің балалар үшін керемет қолдау деп есептеймін, – деді Ұлжан Мырзагелдиева.

«Бизнестің даму картасы-2025» бағдарламасы арқылы жеңіп алған 5 млн теңге қайтарымсыз грант арқылы бизнесті дамыту жолына түскен ол «Астана СПК» АҚ мекемесінен ғимаратты жалға алып, екінші оқу орталығын ашады. Сарыарқа ауданында орналасқан екі оқу орталығында қазір 278 бала жеңілдетілген түрде білім алуға. Оларға 27 ұстаз дәріс береді.

Бүгінде Ұлжан Құдайбергеноқызы – «Халық алғысы» және Б.Момышұлының «Батыр шапағаты» медальдары мен мемлекеттік награда: «Шапағат» медалінің иегері, «Business Woman Qazaqstan-2022» республикалық салалық премиясының «Education brand-2022» номинанты, әлеуметтік кәсіпкер, «Жақсылық арифметикасы NS» қоғамдық қорының басшысы, «Жақсылық арифметикасы» оқу орталықтарының директоры, көпбалалы ана. Оның негізгі мақсаты – көпбалалы, жалғызбалалы, ерекше балаларды тәрбиелеп отырған аналарға көмектесу. Олардың балаларына қосымша білім берумен бірге аналардың да ағылшын тілін және компьютерлік сауатын арттыруға үлес қосып келе жатқан әлеуметтік кәсіпкер осындай топтағы аналарды оларды әртүрлі шеберлік сыныбына шақырып, олардың өмірден өз орнын табуға септігін тигізіп жүр.

– Қазіргі кәсіпкерді жеке кәсіпкер және әлеуметтік кәсіпкер деп бөлеміз ғой. Олардың айырмашылығы мынада: әлеуметтік кәсіпкер – өзін ойлай отырып, халыққа қызмет көрсетуді басты мақсаты ететін адам. Сонымен қатар әлеуметтік кәсіпкерлер адамдардың мәселесін шеше отырып, жаңа немесе бұрын қолданылмаған ресурстарды іздейді. Жалпы елімізде әлеуметтік мәселе көп. Ал бұл бағыттағы кәсіпкерлер оларды шеше отырып, елдің экономикасын көтеруге атсалысады, – деді Ұлжан Мырзагелдиева.

Индира  
БЕРЖАНОВА

Ұлттық статистика бюросының соңғы мәліметі бойынша елімізде 2022-2023 оқу жылының басында студенттер саны 578,2 мың адамды құрады. Оның ішінде әйелдер – 308,6 мың адам немесе 53,4 пайыз. Студенттердің жалпы санының 98,5 пайызы күндізгі бөлімде, 0,7 пайызы сырттай, 0,8 пайызы кешкі бөлімде оқиды. Сонымен қатар бюро 2022-2023 оқу жылының басында елімізде жұмыс істеп тұрған 116 жоғары оқу орны тіркелгенін, оның ішінде 72,4 пайызы жекеменшік, 25,9 пайызы мемлекеттік және 1,7 пайызы шетелдік екенін мәлімдеді.

Ал республика бойынша (ұлттық не жекеменшік болсын) іргелі саналатын 15 жоғары оқу орны Астанада орналасқан. Сондықтан арман қуып, білім аламын деген жастар бас қалада оқуды құп санайды. Бүгінде қалада жалпы саны 67 мыңға жуық студент оқиды.

Студенттік шақ – жастық дәуреннің ең ыстық естеліктерімен таспаланатын кезең. Осы бір кезеңнің құндылығын жоймай, өмірдегі алтын дәуреннің бірі екенін сезу үшін студенттер оқудың әр жылын түрлі оқиғалармен толтыруға тырысады. Десе де ең әуелі сапалы оқып, білікті кадр атануды мақсат етеді. Бұл тұрғыда олар үшін толыққанды жағдай жасау жақсы оқуға да, маман атануға да әсер ететінін ескеру маңызды. Осы тұста Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өткен жылғы Жолдауында: «Студенттердің шәкіртақысы екі есе артады. Студенттік жатақханаларда орын тапшылығы мәселесі шешіледі. Қазақстандық студенттер әлемдік цифрлық кітапханаларға тегін қол жеткізе алады» деп, студенттердің оқуы мен өмір сүру жағдайына тиісті көңіл бөлінуі қажеттігін айтып, нақты тапсырма берген еді.

#### «ТҮНДЕ – ЖҰМЫС, ТАҢЕРТЕҢ – САБАҚ»

Бұл – студенттердің жиі айтатын сөзі. Университет қабырғасындағы төрт жылын білім алуға ғана емес, сабақтан тыс уақытын жұмысқа арнайтындар көп. Қазіргі нарық заманында студент түгелі, айлық жалақыға жұмыс істейтін мамандар қаражатын бір айға ерең жеткізеді. Ал студенттердің мәселесі тіптен бөлек. Әсіресе Астанада алып шаһарда оқитын студенттер үшін бір шәкіртақымен күн көру мүмкін емес. Сондықтан бүгінде сабақтан қолы қалт етсе жұмыс істеп, жоғын бүтіндеп жүрген студент көп. Мәселен, hh.kz сайтына келіп түскен 18 бен 22 жас аралығындағы үміткерлердің түйіндемелері еңбек нарығына студенттердің көбірек араласқанын көрсетеді. Сайттағы деректерге сүйенсек, барлық үміткер түйіндемесінің 34 пайызын студенттер құрап отыр. Білім іздеп өңір-өңірден мегаполиске келген студенттер алғашқыда көп нәрседен жетік хабары бола бермейді. Өкініштісі, қалтамды қамдаймын деп жүріп сабаққа ынтысын қашырып алған студенттер де кездеседі.

Әлеуметтанушы Алмагүл Мусинаның сөзінше, біздің студенттер кампуса емес, тікелей нарықта жұмыс істеуіне байланысты олардың апталық жұмыс уақытын белгілеу қиын. Студенттердің аптасына 15 сағаттан артық жұмыс істеуі жүктеменің артуы мен уақыттың тапшылығы әсерінен оқу үлгерімінің төмендеуіне әкеледі. – Студенттің сабақ үлгеріміне жұмыстың позитивті немесе негативті ықпалын бағалаудың негізгі факторы – GPA, яғни оқу үлгерімінің орташа коэффициенті саналады. Студенттердің жұмысбастандылығы туралы сөз қозғалғанда, кері әсері туралы пікірлер жиі айтылады. Көптеген шетелдік зерттеушілер назар аударсақ, жұмыс уақыты аптасына 15 сағаттан көп болған кезде ғана жұмыстың оқуға кері әсері болады. Отандық ЖОО-ларда студенттерге кампус ішіндегі жұмыс түрі қарастырылмаған. Сондықтан сабаққа аса көп кедергісі тимес үшін студенттің қосымша жұмыстардан гөрі мамандығына қатысты кәсіппен айналысу әлдеқайда тиімдірек. Өз мамандығына жақын жұмыспен айналысудың пайдасы тек қаржылық жағынан емес, білім тұрғысынан да дұрыс болмақ. Мамандық бойынша



## ЖАҒДАЙЫҢ ҚАЛАЙ, СТУДЕНТ?

Елорда тұрғындарының басым көпшілігін студент жастар құрайды. Еліміздің түкпір-түкпірінен келіп білім алып жатқан жастар төрт жылдай астаналық атанып, туып-өскен жеріне кетіп жатады. Олардың орны мектеп түлектерімен толығып, студенттер өмірінің қызығы бір сәтке де толастамайды. Ішкі тірлігі өз алдына студент жастардың әр күні мерекедей өтсе де, күнтізбеде 17 қараша Халықаралық студенттер күні болып белгіленген. Әр адамның есінде қызықты сәттермен есте қалып, ешқашан ұмытылмайтын студенттік кезең бүгінде қалай өтуде? Іргелі оқу орындарында білім алып жүрген студенттердің тұрмысы қандай? Осы сұрақтарға жауап іздеп көрдік.

жұмысқа басты назар аударған жөн. Бұдан студенттің қосымша кәсіби дағдылары қалыптасып, біліктілігі артады. Ал қызмет көрсету саласында, әсіресе бейуақытта апталық жұмыс істеу режимін сақтамау оқуға кері әсер етеді, – дейді әлеуметтанушы.

#### ШӘКІРТАҚЫ ЖЕТКІЛІКТІ МЕ?

Жыл сайын Қазақстанда мыңдаған білім гранты бөлініп, талапкерлер колледждер мен жоғары оқу орындарында тегін білім алуына жағдай жасалады. Білім грантына ие болған студент әр ай сайын мемлекеттен белгілі бір мөлшерде стипендия алып отырады. Мемлекеттік стипендия студенттің оқу үлгерімі мен әлеуметтік санатқа жатуына байланысты көтермеленеді. 2023 жылы колледж бен ЖОО-да білім алушылар 20 мыңнан 224 мыңға дейін стипендия алады. Мемлекеттік стипендия түрлері мен олардың мөлшерлері Үкіметтің №116 қаулысына сәйкес бекітіледі. Елімізде шәкіртақының 3 түрі бар. Олар: ең төменгі стипендия, жоғарылатылған стипендия және президенттік стипендия. Мемлекеттік білім грантына ие болған ЖОО студенттері ғана емес, сонымен қатар кәсіптік-техникалық оқу орындарында (колледждер, кәсіптік-техникалық лицейлер) оқитын білім алушылар да стипендия алуға үміткер бола алады.

Елімізде жоғары оқу орнында оқитын студенттер орташа есеппен 41 мың теңге шәкіртақы алады. Айтқандай, бұл ақша бүгінде студенттердің шайлығына да жетпейтіні айдан анық. Сол себепті жұмыс істеп, қосымша ақша табады. Бірінің шәкіртақысы киіміне не тамағына жетпесе, ақылы бөлімде оқитындардың жай-күйі тіптен қиын. Әсіресе тез байып, ақшаға кенелемін деген олардың бірінші орынға материалдық жағдайды қойып отырғанына қарап жаның ашиды. Әрине, жастарды да түсінуге болады. Олар да ортасына, жан-жағына қарап сәнді киініп, түрлі сауық кешіне барғысы келеді. Осы

мақсатта биыл қыркүйек айынан бастап бакалавриат студенттерінің шәкіртақысы 20 пайызға артқан еді. Яғни студент енді ай сайын 41898 теңге алады. Педагогикалық бағытта білім алатын студенттерге – 67200 теңге, интерндерге – 75890 теңге, магистранттарға – 97024 теңге және докторанттарға 217500 теңге көлемінде шәкіртақы төленеді. Алдағы жылы да шәкіртақы көлемі өспек. Бұл туралы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім комитеті жауап берді.

**ЕЛІМІЗДЕ 2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ БАСЫНДА СТУДЕНТТЕР САНЫ 578,2 МЫҢ АДАМДЫ ҚҰРАДЫ. ОНЫҢ ІШІНДЕ ӘЙЕЛДЕР – 308,6 МЫҢ АДАМ НЕМЕСЕ 53,4 ПАЙЫЗ. СТУДЕНТТЕРДІҢ ЖАЛПЫ САНЫНЫҢ 98,5 ПАЙЫЗЫ КҮНДІЗГІ БӨЛІМДЕ, 0,7 ПАЙЫЗЫ СЫРТТАЙ, 0,8 ПАЙЫЗЫ КЕШКІ БӨЛІМДЕ ОҚИДЫ**

«2025 жылға дейін бакалавр бойынша стипендияны жыл сайын 20 пайызға, магистранттар мен докторанттарға жыл сайын 15 пайызға көтеру көзделген. 2024 жылы стипендия мөлшері былай деп көрсетіледі:

\* бакалавриат – 47135 теңге (педагогикалық бағыттар бойынша – 75600 теңге);

\* магистратура – 107061 теңге;

\* докторантура – 240000 теңге» делінген комитет жауабында.


Алайда елімізде шәкіртақы, жәрдемақы, жалақы өскенмен, артығына тұтыну тауарларының бағасы да аспандайды. Студенттер оқу ақысынан бөлек, жатақхана, пәтер бағасы үшін қосымша шығынға батады. Одан өзге сабақ уақытындағы күнделікті ішіп-жем, жолақысы тағы бар. Қаржылық дағдарыс студентті қала кезіп, жұмыс іздеп кетуге мәжбүрлейді. Дегенмен шәкіртақының өсуі студенттерге демеу болары сөзсіз.

#### ҚАРЫМ-ҚАБІЛЕТІ ШЫҢДАЛАДЫ

Студенттік шақ жастардың рухани-мәдени өмірге етене араласуымен ерекше есте қалады. Университеттегі өмірді қайталанбас және жарқын етуде білім алушылар интеллектуалды клубтар, спорт командалары, қайырымдылық ұйымдар, сонымен қатар тұлғаның жеке және ұжымдық шығармашылықта өзін-өзі көрсете білуіне демеуші болатын үйірмелер және дебат клубтарға қатысады. Жастардың қарым-қабілеті осындай ортада қалыптасып, мықты оратор, қайырымды волонтер, жалпы білікті маман атануына ықпал етеді.

Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті «Жастар» департаментінің директоры Жамбыл Тілепов әр оқу жылында студенттер шығармашылық ұйымдарға көптеп қызығады дейді.

– Еуразия ұлттық университеті қабырғасында әртүрлі бағыттағы 85-тен аса студенттік клуб пен ұйым тіркелген. Бұл ұйымдардың басты көзделгені – озық ойлы, креативті, патриот студенттерді бір ортаға жинап, дарынды жастарды тәрбиелеу. Иә, студенттер қоғамдық жұмыстарға белсене атсалысады. Бұрын «активист» деп атаған жастарымыз бүгінде волонтерлікке бет бұруда. Қайырымдылық іс-шараларға ерікті



**Ырысты ҚЫЗЫХАН,**  
Астана медицина университетінің 4-курс студенті:

#### ОТАНДЫҚ МЕДИЦИНАНЫ ДАМЫТҚЫМ КЕЛЕДІ

– Студенттік шақ жастың қуаты тасып, шаршау мен уайымды білмей, жаңаны үйренумен, білімге талпынумен өтеді екен. Осы аралықта өтетін қалтқысыз шақты белсенді студент болып өткізбеу бекер-ақ. Мен бас шаһардағы Астана медицина университетінің фармацевция факультетінде оқимын. Оқу ордасы қабырғасындағы ENACTUS халықаралық студенттік-кәсіпкерлік ұйымда вице-капитанмын. Мұнда өзге достарыммен түрлі стартап жобаларды іске асырамыз. Мен фармацевция саласында кәсіби маман атанып, отандық медицинаны дамытқым келеді. Осы мақсатта бүгінгі таңда мен нутрициология бойынша жеке кәсіпкерлікпен айналысамын. Оқушыларға химия және биология пәндері бойынша ҰБТ-дан сәтті өтуге кеңес беремін. Иә, оқумен қатар жұмысты да қатар алып жүрмін. Белсенді болуға оқу орнындағы жоғары курстың студенттері үгіттеді. Бірі алғаш келгенде бастан кешкен қызықты оқиғаларын баяндаса, енді бірі жеткен жетістіктерін айтып, «талпынсаң – жетесің» деп қанаттандырды. Қолдап, ақыл-кеңесін айтып отырды. Мен де алғашқы курс студенттеріне төрт жылдағы біліммен бөліскен дұрыс деп санаймын.



**Әлімжан АЯПОВ,**  
Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің 1-курс студенті:

#### ЖАҢА ӨМІРГЕ ҚАНАТ ҚАҚТЫҚ

– Күні кеше ғана мектепті тезірек бітіріп, студент болсақ екен деген арманымыз бар еді. Міне, сол мақсатымызға да қол жеткіздік. Қазір барлығымыз жаңа өмірге қанат қағып, еліміздің түкпір-түкпірінде оқуға мүмкіндік алдық. Мен де таңдаған мамандықтың иесі атану үшін Астанадағы Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетіне оқуға түстім. Жасым 18-де, «Экономика және кәсіпкерлік» бағыты бойынша 1-курста білім аламын. Оқу жылы басталмас бұрын оқу орнына барып, құжат тапсырып, топтастарыммен таныстым. Алғашқы емтихандарды тапсырып та үлгердік. Сондай-ақ мен 7 жасымынан шахматпен айналысамын. Жақында Ханжозу қаласында өткен IV пара Азия ойындарындағы командалық есепте шахматтан қола медаль алып, елге оралған соң Президенттің Алғыс хатына ие болдым. 2026 жылы Жапонияда өтетін келесі Азия ойындарына дайындалудамын. Марапат алғаннан кейін университет те жылы қарсы алып, салтанатты іс-шараға қатысып, бір қуанған едім. Студенттік өмірдің не екенін толық білмесек те, студент атанудың өзі бақыт емес пе?!

Төлен  
ТІЛЕУБАЙ**ҚОРДА ҚАНША  
ҚАРАЖАТ БАР?**

2001 жылы Ұлттық қорда 1 млрд АҚШ доллары көлемінде ғана ақша болғанын білеміз. Ал 2014 жылы тамыз айында оның көлемі 77,2 млрд АҚШ долларына жетті. Бірақ... бұдан кейінгі жылдарда қордың ақшасы азая бастады. Ұлттық банктің есебі бойынша, соңғы тоғыз жылда бұл қаражат 23 млрд долларға кеміген. Яғни, Үкімет Ұлттық қордың ақшасына оңды-солды қол салғаны анық. Ал инвестициялық кіріс бар-жоғы 8 млрд АҚШ долларын құрады.

15 қарашада Үкімет отырысында баяндама жасаған Ұлттық банк төрағасының орынбасары Данияр Вагапов Ұлттық қордың активтері 2023 жылдың басына бері 1,1 пайызға өсіп, 56,2 млрд АҚШ долларын құрағанын мәлімдеді. 1,1 пайыздық өсім 3,3 пайыздық (1,83 млрд АҚШ доллары) инвестициялық кіріс есебінен қалыптасқан. Енді осы жерді мынадай цифрларды салыстырып көрейік. Биыл сәуір айының соңында Ұлттық қорда 58,7 млрд доллар болса, ал қарашаның соңында ол 56,2 млрд долларға кеміген. Яғни, 7 айда 2,5 млрд доллар жұмсалып кеткен.

**ҚАРАЖАТ ҚАЛАЙ  
ЖИНАЛАДЫ ЖӘНЕ  
ЖҰМСАЛАДЫ?**

Қаржы министрлігі жуырда Ұлттық қорға жиналатын және одан жұмсалатын ақшаның ашық есебін жариялады. Құзырлы ведомствоның мәліметіне сүйенсек, 2023 жылдың 1 қыркүйегіне дейінгі ахуал бойынша Ұлттық қор активтері 28 трлн теңгені құраған. Бұл көрсеткіш жыл басынан бері активтер өсімі небәрі 1,19 трлн теңгеге ұлғайғанын дәлелдейді. Ұлттық қорға ақша негізінен, мұнай секторындағы тікелей салық есебінен түседі. Сондай-ақ мемлекет меншігін жекешелендіру, ұлттық басқарушы компаниялар активтерін бәсекелестік ортаға беруден және тағы басқа қаражат көздерінен жиналады. Құзырлы министрлік мәліметі бойынша, соңғы 8 айда Ұлттық қорға мұнай секторынан тікелей салық түрінде 3,24 трлн теңге түскен. Бұл көрсеткіш 2022 жылдың 8 айындағы түсімнен 29 пайызға кем. Сонымен қатар, мұнай секторындағы ұйымдарға айыппұл, өсімпұл, санкциялар мен алымдар салынған кезде де жиналған қаражат Ұлттық қорға аударылады. 8 айда мұндай операциялардан 2,4 млрд теңге түсіпті, бұл көрсеткіш 2022 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырсақ, 200 млн теңгеге аз.

Республикалық меншікті жекешелендіруден Ұлттық қорға түскен қаржының көлемі – 754,6 млн теңге. Жер учаскелерін ауыл шаруашылығы мақсатына сатудан 37,9 млн теңге түскен. Ұлттық қорды басқарудағы инвестициялық кірістер түріндегі түсімдер көлемі 838,7 млрд теңгені құраған. Бұл көрсеткіш өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырсақ, 203,8 млрд теңгеге артық. Бұдан бөлек, еліміздің заңнамасымен тыйым салынбаған түсімдер мен кірістер көлемі 16 млн теңгені құраған. Яғни, осылардың барлығын бірге есептегенде 2023 жылдың 1 қыркүйегіндегі жағдай бойынша Ұлттық қорға 4,1 трлн теңге жиналыпты.

2023 жылдың 8 айында Ұлттық қордың қаражатынан Үкімет 2,9 трлн теңге (2022 жылғы 3,35 трлн теңге) жұмсаған. Соның ішінде, кепілдік берілген трансферттер түрінде 1,59 трлн теңге; мақсатты трансферттер түрінде – 1,29 трлн теңге; Қорды басқарумен байланысты шығындарды жабуға 38 млрд теңге жұмсалған.

**3,24**  
трлн теңгемұнай секторынан  
салық түрінде  
түскен**754,6**  
млн теңгеРеспубликалық  
меншікті жекеше-  
лендіруден түскен**2,9** трлн  
теңгеОсы жылдың  
8 айында Ұлттық  
қордың қаражатынан  
Үкімет жұмсаған**01.09.2023 Ж. ҰЛТТЫҚ  
ҚОР АКТИВТЕРІ****28**  
трлн  
теңге**828,7**  
млрд теңгеҰлттық қорды  
басқарудағы инвес-  
тициялық кірістер  
түріндегі түсімдер  
көлемі**37,9**  
теңгеАуыл шаруашылығы  
мақсатында  
жер учаскелерін  
сатудан түскен

# ҰЛТТЫҚ ҚОРДЫҢ АҚШАСЫ ҚАЙДА ЖҰМСАЛЫП ЖАТЫР?

Шынын айтқанда, осындай сауал бәрімізді алаңдатады. Жыл сайын Үкімет республикалық бюджеттің «жыртығын» жамауға Ұлттық қордан қыруар қаражат алады. Бұл ақшаның көлемін «азайтамыз» дегені құр сөз жүзінде қалады. Дағдарыс дендеген жылдары мемлекет Ұлттық қордың есебінен банктерді, тұрғын үй нарығын, ұлттық экономиканың түрлі салаларын «сауықтыруға» ақша бөлді. Бүгінгі таңда әлеуметтік салаға жұмсалатын шығындарды Ұлттық қордың ақшасымен жауып отырмыз. Ал құзырлы мемлекеттік органдар қоғамға жас ұрпақтың келешегі үшін жиналған қаражаттың нақты қайда жұмсалып жатқанын ашық айтпайды.

**7 ЖЫЛДА 100 МЛРД  
ДОЛЛАРҒА  
ЖЕТЕМІЗ БЕ?**

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық қордағы қаражатты 2030 жылы 100 млрд долларға жеткізу міндетін қойды. Бірақ қаржыгер-сарапшылар, аудитор-депутаттар Үкіметтің ол межеге қол жеткізетініне күмәнданады. Қаржыгер Расул Рысмамбетов Ұлттық банктің 100 млрд долларға қатысты тұжырымдамасын «нағыз утопия» деп атап, сынға алды. «Өйткені себебі 7-8 жыл былай тұрсын, 1 жылдан кейін не болатынын, жағдай қалай өзгереді ешкім нақты білмейді. Ұлттық банк пен Үкімет 100 млрд долларды қалай жинайды? Болжам, бір өте бай адам өзінің ақшасын Ұлттық қорға берер. Бірақ 20 млн адамның жартысы кедейлік шегінде өмір сүретін елде мұндай нәрсе мүмкін емес. Сондықтан мұнай бағасы мен әр тоқсандағы қаржылық операцияларға дәлме-дәл есеп керек. Өкінішке қарай, ондай есеп жасай алмайды» дейді қаржыгер.

Қаржылық сарапшы Андрей Маслов бұл межеге жету көптеген факторларға байланысты екенін айтады. Ол Ресей – Украина жанжалы жаһандық дағдарыс сияқты аяқталып, капитал нарықтарының өсімі айтарлықтай деңгейге жеткен кезде Ұлттық қордағы қаражат та 100 млрд долларға жетеді деген пікірде. «Меніңше, бұл аталған факторларды ескермей 100 млрд-тық межеге жетеміз деу қиын. 8 жылда активтердің өсімі шамамен 4-5 пайызды құраса, Ұлттық қордың ақшасы 80-90 млрд долларға жақындауы мүмкін. Бұл жердегі мәселе қандай активтер таңдап алынады және оның табыстылығы қандай дегенге байланысты. Жоғары өсім болуы үшін барынша тәуекелшіл активтер керек. Оларды мемлекет инвестиция ретінде сала алмайды. Ескеретін нәрсе, дағдарыс пен тұрақсыздық кезеңінде табысы төмен активтердің өзіне қауіп төнеді» дейді ол.

Ұлттық экономика министрінің орынбасары Азамат Амрин Ұлттық қордың тұрақтылығын нығайтуға

бағытталған іс-шаралар 7 жылда өзінің нәтижесін беретініне сенімді. «2021 жылы біз тікелей циклдық екі ереже енгіздік. Соның бірі, кепілдік берілген трансферт көлемі түсімдерден көп болмауы тиіс. Қарапайым тілмен түсіндіретін болсақ, қаржыны бөлу ережесі өзгереді. Соңғы 15 жылдағы 42,3 долларға дейінгі қаражаттың бәрі кепілдік берілген трансфертке аударылады. Осы бағадан жоғарының бәрі Ұлттық қорда қалады. Осылайша, Ұлттық қордың жинақтағыш қызметі күшейе түседі. Бұдан бөлек, трансферттер көлемі жыл сайын қысқарып келеді. Егер мұнай секторынан түсетін салықтарды біріктіріп, бүгінгі таңдағы 60 млрд долларға қоссақ, онда 2028 жылға қарай Ұлттық қорда 93 млрд доллар ақша жиналады» дейді ол.

**ҚОЛ СУҒУДЫ  
ТОҚТАТУ КЕРЕК**

Биыл әлемдік нарықтағы мұнай бағасы айтарлықтай төмендеп, Ұлттық қорға аз ақша түсті. Ал Үкімет бюджеттің шығыстарын үздіксіз көтеріп, онымен қоймай шығындардың барлығын жабу үшін Ұлттық қордан трансферт тартуға дөңгіл алған. Өткен жылғы профицитпен салыстырғанда, қазір мұнайсыз тапшылық көлемі бірден 60 пайызға өсіп отыр.

Жақында Мәжіліс депутаты Нұртай Сабильянов та Ұлттық қордың ақшасының жыл сайын азайып бара жатқанына алаңдап, Үкіметке батыл сауалдар жолдады. Халық қалаулысы Ұлттық қордан болашақта қаражат алуды тоқтатуымыз керек және оның тиімділігін

**ӘР БАЛА ҚАНША  
АҚША АЛАДЫ?**

2024 жылы 18 жасқа толатын қазақстандықтар да «Ұлттық қор – балаларға» жобасы аясында 1 ақпаннан кейін жиналған ақшасын алады. Қаржы министрінің орынбасары Дәурен Темірбеков 1 жастан 17 жасқа дейінгі әр балаға бірдей сома аударылатынын мәлім етті. Баланың ата-анасы ақшаны БЖЗҚ және eGov-тағы жеке кабинеті арқылы тексерсе алады. Енді әр балаға қанша ақша төленеді дегенге келейік. Құзырлы министрлік өкілі түсіндіргендей, әр бала 3,5 мың АҚШ доллары көлемінде алуы тиіс. Алайда 18 жылдан кейін дәл осы соманы алады деп тап басып айту қиын. Бұл сома бұдан бірнеше есеге көп болуы мүмкін. Д.Темірбеков ол ақша

**2024 ЖЫЛЫ 1 ҚАҢТАРДА ЗАҢДЫ КҮШІНЕ  
ЕНЕТІН ЗАҢҒА СӘЙКЕС, ҰЛТТЫҚ ҚОРДЫҢ  
ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ КІРІСІНІҢ 50 ПАЙЫЗЫ 18  
ЖАСҚА ТОЛМАҒАН ЕЛІМІЗДЕГІ БАЛАЛАРҒА  
ТЕНДЕЙ БӨЛІНЕДІ. ҚАЗІРГІ ТАҢДА ҚАЗАҚСТАН-  
ДА БҰЛ ЖАСТАҒЫ 7 МЛН-ҒА ЖУЫҚ БАЛА БАР**

арттыруымыз керек деп санайды. «Ұлттық қор – халық және болашақ ұрпаққа қызмет ететін қор. Президент Ұлттық қордағы қаражатты 2030 жылға қарай 100 млрд долларға жеткізу міндетін қойып отыр. Алайда 2021 жылдың басында Ұлттық қордағы қаражат 67 млрд болатын болса, қазір ол бар-жоғы 60 млрд болып отыр. Қордың қаражаты азайған» деді депутат Мәжілістің отырысында.

2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап Ұлттық қордың инвестициялық табысынан балаларға қаражат аударыла бастайтынын Үкімет басшысының есіне салған Н.Сабильянов қаражатты басқара алмаған Үкіметтегі шенеуніктерді сынға алды. «Бұған қатысты Парламент тиісті заң қабылдады. Сондықтан да халықтың Ұлттық қорға деген, оның қаражатына деген назары ерекше болады. Өйткені әр ата-ана өз балаларына Ұлттық қордан қанша ақша түсті деп күтетіні анық. Тиімділік демекші, бұл Ұлттық қорды пайдалану бізде тиімсіз. 2022 жылдың өзінде 1 трлн 300 млрд-тан аса шығынға батыпты. Енді дайын қаражатты басқара алмау да дұрыс емес қой. Ал енді осы заң жобасын республикалық бюджеттің тапшылығын жабу үшін істеп отырмыз. Республикалық бюджеттің тапшылығы экономиканы дамыту арқылы жабылуы керек. Осы мәселені түпкілікті шешу үшін Үкімет қандай іс-шараларды жүзеге асырады?» деп сұрады депутат Үкімет басшысынан Нұртай Сабильянов.

Премьер-министр Әлихан Смайылов Ұлттық қордан тартылатын трансферттер, нысаналы қаражат жылдан жылға төмендейді деген құрғақ уәдесін берді. Оның айтуынша, 2024 жылы Ұлттық қордан тартылатын нысаналы трансферттердің көлемі 1,6 трлн теңгені құрайды. Олар әлеуметтік маңызы бар және стратегиялық инфрақұрылымдағы жобаларды қаржыландыруға бағытталған. «Алдағы жылдары Ұлттық қордан тартылатын трансферттер, нысаналы қаражат азаяды. Оның орнын республикалық бюджеттің өз кірістерімен толықтырамыз. Ол үшін біз ең әуелі тиісті инвестициялар тартып, нақты секторды қаржыландыру мәселелерін шешеміз. Қазіргі таңда 32 трлн теңгені құрайтын 970 ірі инвестициялық жобаны іске асыраудамыз. Олар 500 млн теңгеден асатын шикізаттық емес сектордағы жобалар, соның 400-і 4,6 трлн теңгеге келесі жылы іске асырылады» деп жауап берді Премьер-министр.

әр баланың шотынан шешіліп алынғанға дейін Ұлттық қорда доллармен сақталатынын мәлім етті. Себебі доллар – инвестиция жасауға, соның нәтижесінде жыл сайын Ұлттық қорға пайдасын тигізуге өте қолайлы әрі құнды валюта.

«Бұл ақша «тірі жүк» болып ол жерде жай жатпайды. Келесі жылы аударылатын қаражаттың барлығы инвестициялауға жұмсалады. Оларға да инвестициялық кіріс есептеледі. Және олар үнемі АҚШ долларымен сақталады. Ұлттық қордағы ақша әр бала 18 жасқа толғанда арнайы жеке шотына теңгемен аударылады» деп түсіндірді Дәурен Темірбеков. Ол бұл ақшаны алған әрбір бала оқуының ақысын төлеуге, тұрғын үйі жағдайларын жақсартуға жұмсай алады. 2024 жылы 1 қаңтарда заңды күшіне енетін заңға сәйкес, Ұлттық қордың инвестициялық кірісінің 50 пайызы 18 жасқа толмаған еліміздегі балаларға тендей бөлінеді. Қазіргі таңда Қазақстанда бұл жастағы 7 млн-ға жуық бала бар. Осылайша, Ұлттық қор болашақ ұрпақтың мүддесіне жұмыс істей бастайды.

«Ұлттық қор – балаларға» жобасын ұсынғанда Президент Қасым-Жомарт Тоқаев әр отбасы елдің ұлттық байлығынан өз үлесін алуы керектігін айтты. Сол кезде қазақстандықтар бұл ұсынысты Таяу Шығыс елдеріндегі балаларға көмек беру моделімен салыстыра бастады. Шетелдік БАҚ-тардан алынған деректерге сүйенсек, Біріккен Араб Әмірліктері мен Кувейтте 18 жасқа толған баланың жеке шотында 100 мың АҚШ доллары көлеміндегі ақша болады. Ал Катарда көмекте жасына толған әр азаматқа 500 мың доллар ақша беріледі. Әрине, үлкен айырмашылық бар. Оның көптеген себептері де бар. Біріншіден, бұл елдерде халық саны аз. Мысалы, Катарда – 3,2 млн, Кувейтте 4,4 млн адам тұрады. Біріккен Араб Әмірліктерінде жергілікті халықтың саны 1,1 млн адам, қалған 8,5 млн-ы – Оңтүстік Азия мен Филиппиннен қоныс аударғандар. Сол себептен БАӘ-де тек жергілікті арабтардың отбасына ғана қаражат беріледі. Қазақстанның халқы 20 млн адамға жетті. Жеріміздің аумағы ұлан-ғайыр, климатымыз алуан түрлі. Сондықтан мемлекет қолға, суға, жылуға, газға, электр қуатына қыруар ақша жұмсайды. Зейнетақы, жәрдемақы және әлеуметтік төлемдердің өзіне бюджеттің жалпы шығындарының 45 пайызы жұмсалды. Тағы бір айырмашылық: БАӘ мен Кувейтте жыл сайын шамамен 100 мың бала туса, Қазақстанда 400 мың бала дүниеге келеді.



## ҚАЗАҚТЫҢ ВИЗУАЛДЫ БЕЙНЕСІ ҚАНДАЙ?

Әр ұлттың өзіндік келбеті, өз бейнесі болады. Бұл ғасырлар бойына қалыптасып, уақыт озған сайын сан қырынан бедерлеп дамыта түседі. Ол бейнені әр дәуірдің қолтаңбасымен әрлендіріп, мәдени-дәстүрінің өзіндік нақыштарымен мәңгілікке бекітеді. Мұндай бедер жер бетіндегі миллиардтаған ақпараттардың арасынан араспай танып, білуге әсер етеді. Қалыптасқан образ арқылы қабылдап, сол бейнемен елдің есінде жүреді. Оның пайдасы зор. Сол арқылы мемлекеттің имиджі, тарихы мен туристік әлеуеті, одан қалды халықтың тұрмыс-тынысын бағамдауға болады.

Айгул  
УАИС

**В**изуалды, көзге ұрып тұратын ұлт бейнесінің көрнекілігіне мән беруіміздің басты себебі жалпы «қазақ» образының көкейімізден шықпауында болып отыр. Осы күні орынды, орынсыз жерлерге шал-кемпірдің, қыз-қырқын мен жас жігіттің бет-бедері түскен түрлі формадағы бейнелерінен адам шошитыны рас. Әсіресе қыз-қырқынды түрлі формада қаланың көшелерінің бұрыш-бұрышын толтырған кездеріміз де болды. Ешқандай мән-мағынасы жоқ, талғамсыз салынған бейнелер визуалды түрде адам санасында қалыптасып, қазақ десе, сол дегенді елестететіндей жағдайға жеткізді.

Көшеден шығып, ғаламторға үңіліп бұрынғы заманда өткен интеллектуалды ой иелерінің бейнелеріне қарап та қарның ашады. Ақын, жырышы, күйші тағы басқаларын бейнелеген суреттері бірінен бірі аумайды ғой, тек бастарына киген таз кепешіне қарап анықтаймыз. Осы уақыт ішінде өз ұлтымыздың визуалдық бейнесін жасай алдық па деген сұраққа бірлесе жауап іздеуден бұрын ғаламторды шарлап кеткен сұрықсыз бейнелерді виртуалды кеңістіктен жою мәселесін де алға шығару керек сияқты.

Бұған ерекше назар аударуымыздың мәнін түсіндіргім келеді. Өйткені адам баласының барлық тірлігі, іс-әрекеті белгілі бір ортада әлеміштелген әлемде өтеді. Көшеде жүріп бара жатсаңыз, жан-жағыңыздан анталаған жарнамалар, ғаламторды ашып қазақтың бейнесін іздесеңіз, жақсының атын жамылған мыжырайған шал-шауқанның бейнелері шошытып болды.

Суретшінің қиялына сенбесеңіз, қазақтар сондай болған деп өткен ғасырдың фотосын алға тартарсыз. Онда да қазақ этнографиясының бір құрамын толтыратын жалшы-жалқы-байлардың суреттері алдыңнан шығады. Дәйекті бейнелердің қалғанына да шүкір. Расында қазақ даласына келген миссионерлерді, немесе саяхатшыларды кезінде қазақтың байы не ақсүйегі төріне шығармаса керек. Олар да қора-қопсының айналасында жүргендерді суретке түсіріп, «қазақ осы» деп жария еткен болар. Ал XIX ғасырдың басында басталған қуғын-сүргін тектілерімізді

Nazira DAUTBEKQZY,  
Facebook парақшасынан:

Ұлттың визуалды (көрнекі) бейнесін қашан қолға аламыз?! Сөйте тұра неге әлемде қазақтың авторитеті жоқ дейді?

Салыстырыңыз:

1) Орыс княгинясы( ақсүйек әйел) портреті (Мәскеу князьдығы дәуірі). Міне, Империя өзін тек күшпен немесе тіпті сөзбен емес, өнермен, үнсіз көркем-эстетикалық «қарумен» мойындатқан, жаулаған! Осындай тарихи портрет неге салмайды біздің суретшілер?!

2) Түріктің (Осман империясы) бекаат әйелі, жоғарғы тап өкілі;

3) Тура сол ортағасырда (құрыған Совет өкіметі мен Николай патша заманы емес) хандар тұсында өмір сүрген Домалақ ана (Нүриле Әлиқызы дамолла), түр-келбеті осындай болыпты-мыс...

Атақты әйел, ханым, дамолла (ұстаз) атанған, сопылық жолын ұстанған әулие-ананың келбетін кескіндегенде жеке тұлғалық абыройын да, ұлттық имиджді де дұрыстап ойланып ескеру керек емес пе?! (басқа ұлттар кейде тіпті жоқты бар қылып көрсетеді, ал біз барды жоқ қылып жүреміз).

Домалақ анаға карикатура сияқты осы төмендегі суретті интернеттен алып тастауды, жоюды талап етеміз! Себебі бұл әулие, данышпан ана образы емес, жай... «отарлық дәуірдегі сауыншы апа» десе сенуге болады. Әйтпесе тарихты білмесең, руханияттан хабарың болмаса, сурет мүлде салма! (біле білсеңіз, қасиетті адамдар онша қартаймаған, қанша жасқа келсе де, жүзінен нұры төгіліп тұрған)...



суреттерімен бірге құртқанын жақсы білеміз. Сән-салтанаты тасыған бай-бағландардың өткенін, олардың қытайдың жібегін, бұқардың паршасын алдырып, масаты-пүліштен киім тіккізіп ақық-жақұттарын таққанын, күмістен ер-тұрманын түгендеп, саптама етік, қасқыр ішік, үкілі бөрік кигенін білгіміз келмейді. Неге олар сурет боп сызылып, кенепке сол салтанатымен түспейді? Қазақты бейшара етіп көрсету кімге тиімді, түсінбедік. Әлде олардың визуалды мәдениеттен хабары аз ба? Әрі-беріден соң ел намысын ойлайтын елжанды суретшілер, дизайнерлер, мүсіншілер, сәулетшілер, модельерлер, режиссерлер қалмаған ба деп ойлайсыз. Халқымыздың рухын, жанын, болмысын көрсететін туындылар неге жоқ?

Қоғамдық санаға әртүрлі мақсатпен әсер ету үшін жасалатын ұлттың көрнекілік бейнесін қалыптастыруда живопись, фотография, жарнама, теледидар, интернет сияқты құралдар тынымсыз жұмыс істеп тұр. Қандай образды салсаңыз сонымен қатталып, жатталып қалады. Ақпараттандырылған заманда оны қабылдау мен жадында сақтау үрдісі жылдам жүреді. Рас, кейбір адамдардың белгілі бір эмоцияларына, мінез-құлық стереотиптеріне және әлеуметтік-мәдени ерекшеліктеріне сәйкес пайдаланылады, сол байлығымен ортақ қазанға салып жібереді. Бұл ұлттымыздың бейнесіне қара таңба болып жабысып жатыр ма, жоқ па, оны ешкім ескермейді. Егер шығармашылық адамның ішкі ой-жүйесінде азаматтық намыс өлшемі кемшіндеу болса, онда басқа тосқауыл ойлап табу керек шығар.

Бүгінгі заманда көзбен көру, есту оқудан гөрі жақын болып тұр. Адам үшін не маңыздырақ, сөз, дыбыс немесе бейне ме дейтін кезге келгенде бәрінің де алатын орны зор. Дегенмен, қазіргі заманғы мәдениеттің өзіндік визуалды ренессансты бастан кешіріп жатқанын елемей мүмкін емес. Көру, көргеніңді жадында қалдыру оңайырақ. Содан да болар, бүгінгі барлық ақпарат ағымы ең алдымен, көрнекілікке басқа қабілеттерге қарағанда көбірек мән беріледі.

Көру, дүниені визуалды түрде қабылдау қабілеті адамға әуел бастан-ақ тән. Жаһандану атты үлкен додаға түскенде өзімізді мүсәпірлер қатарында қойып, барымызды, болғанымызды байлығымызды, ерлігіміз бен естілігімізді, елділігімізді алға шығарайық. Сонымен басқаларды таң қалдырайық, ең бастысы, өзімізді сол биіктен көріп, сол даланың ұлық мәдениетінің иесі ретінде еңсемізді көтерейік.

**P.S:** *Ұлттың визуалды мәдениетін жаңа мәдени проекциялық жадысын қалыптастырудың маңыздылығы зор екенін естен шығармайық.*

## ӘЙЕЛДІ ҚОРЛАУҒА ЕШКІМНІҢ ҚАҚЫСЫ ЖОҚ!

Жемқорлық үшін сотталып, артынан рақымшылыққа ие болған экс-шенеунік өз әйелін өлтірді деген күдікпен жантүршігерлік ашық ақпараттардан қоғам дүрбелеңге түсті. Отбасылық зорлық-зомбылық, қатыгез патриархалдық озбырлыққа шыдамаған әйелдердің жан дауысын еститін және қатаң шара қабылдайтын уақыт жетті деп білеміз.

**М**емлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Қоғамда Заң мен Тәртіп қатаң сақталуы керек. Сонда ғана еліміз өсіп-өркендейді. Бұл – мызғымас қағида» деп үнемі Заң үстемдігіне және тәртіпке басымдық береді. Заңға бағыну және тәртіп орнату – Президент айқындаған құқықтық, қауіпсіз, әділетті қоғам құрудың жалғыз жолы. Заңдылық пен тәртіп қағидатын орнықтыру ісі балаларға қарсы қылмыс, тұрмыстық зорлық-зомбылықпен күресуден бастау алады.

Қорғаныссыз қазақ қызының қасіретті тағдырына қалам тербеген Мұхтар Әуезов кезінде «Қазақ мешел болып қалам демесең, тағылымыңды, бесіңді түзе. Оны түзеймін десең, әйелдің халін түзе!» деген сөзі бүгін де өзекті.

Отбасындағы зорлық-зомбылықты тоқтату үшін – адамның ар-намысын құрметтейтін құқықтық мәдениетті жастар арасында қалыптастыру, адамгершілік құндылықтарға негізделген тәрбие беру, моральдық ұстанымды бекіту, жауапкершілікті күшейту, ең бастысы, заңдағы жазаны қатаңдату және оның сапалы



Елімізде 2020 жылдан бері бұл салада жүйелі шаралар қабылданып келеді. Депутаттардың ұсынысымен заңнамаға бірнеше қатаң өзгерістер енгізілді. Мысалы, тұрмыстық зорлық-зомбылық болған жағдайда, хаттама жасау үшін қазір куәгерлердің, айғақтарына және бейнебақылауға сүйене отырып, зорлық-зомбылық жасау фактісі бойынша жәбірленушінің арызынсыз іс қозғау қарастырылған.

Бірақ осыған қарамастан, зорлық-зомбылықтың толастамауы әйелдердің құқығын қорғау, балалардың қауіпсіздігін сақтау заңнамасын қатаңдатумен бірге, қоғамда қылмысқа мүлдем төзбеушілік принципі, заң мен тәртіптің қатаң сақталуы дәріптеліп, насихатталуын қажет етеді. Сол кезде қабылданған заңдар сапалы орындалатын болады.

Мемлекет басшысы: «Отбасында ойран салатындар жазаға тартылмаса, олар одан бетер басынып кетеді. Мұндай әрекеттер үшін жазаны күшейтетін кез келді деп санаймын» деген болатын. Аманат партиясы фракциясы қыркүйекте осы тапсырманы орындау мақсатында, балаларға және отбасындағы әйелдерге қарсы жасалатын зорлық-зомбылықты тоқтату үшін «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әйелдердің құқықтарын қорғау және балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелеріне» арналған заң жобасын шұғыл әзірледі. Заң тұжырымдамасындағы түзетулер зорлық-зомбылықты қылмыс ретінде тану, педофильдерге өмір бақи бас бостандығынан айыру жазасын кесу, жалпы жаза мен жауапкершілікті күшейту тетіктерін қарастырады. Өкініштісі сол, түсініксіз себептермен заң әлі Мәжіліске енген жоқ.

Үкіметтік емес ұйымдардың зерттеулеріне сүйенсек, 2021 жылы үйдегі зорлық-зомбылықтың сотқа тек 40 пайызы жеткен. Олардың тек 39 пайызы ғана 2 сағаттан 3 тәулікке дейін әкімшілік жаза

орындалуын қадағалау шарт. Осыдан тура бір ғасыр бұрын тіпті Алаш зиялылары да қазақ халқының прогрессивті дамуын қоғамдағы қазақ әйелінің ауыр жағдайын шешумен байланыстырды. Қыздарды білімге, өнерге үндеді, отбасындағы жөнсіз қаталдықты, мейірімсіздікті ауысуы әшкереледі. Қазақ әйелдерінің ендігі тағдыры баршамызға тікелей байланысты.

Сондықтан Аманат Фракциясының депутаттары мынадай ұсыныстарды енгіземіз: 1. Әйелдер мен балалар зорлық-зомбылықтың құрбаны болмас үшін тіпті жеңіл түрдегі зорлық-зомбылық қылмыс деп танылуы қажет. Әйел мен балаға зорлық-зомбылық көрсеткендерге ауыштылық танытуға болмайды. Ешкімнің әйел адамдарды қорлап өлтіруге қақы жоқ! Қылмыскерге қатаң жаза берілуін талап етеміз! 2. Заңнамада тұрмыстағы зорлық-зомбылықтың алдын алатын, қатаң шаралар қабылдайтын жауапты мемлекеттік органды бекітетін уақыт жетті. Үкіметтің әйелдердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, ажырасқан әйелдерге алиментті уақтылы төлеуге бағытталған нақты механизмдері айқындалған мемлекеттік саясатты бекітуді сұраймыз. 3. Отбасылық зорлық-зомбылықтың профилактикасы мен криминализациясы қарастырылған бірнеше депутаттардың бастамасымен әзірленген «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әйелдердің құқықтарын қорғау және балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелеріне арналған Заң тұжырымдамасын Үкіметтің Мәжіліске енгізуін сұраймыз.

Құрметті ағайын! Мемлекет басшысы айтқандай: «Заң мен Тәртіп – ішкі тұрақтылықтың кепілі!» Заң үстемдігі қағидаты біздің ең басты бағдарымыз болуы тиіс.

Жұлдыз СҮЛЕЙМЕНОВА,  
Мәжіліс депутаты



## КӨК СӨЗДІКТІҢ «КӨКЕСІ»

1941 жылдың тамыз айында тарлан Тарбағатайдағы Майлы тауының етегінде дүниеге келген С.Найман Қытайдағы 2 миллионға жуық қандастарымыздың руханиятына жарты ғасырға жуық құнды терін төгіп, еселі еңбек сіңірді. Шыңжаң өлкесінің екі рет таңдаулы маманы, профессор, көрнекті еңбек сіңірген мемлекет дәрежелі маман атағын алған С.Найман – Қытай қазақтары арасындағы Қытай мемлекеттік кеңесінің арнаулы қосымша қаржысы берілетін санаулы қазақтың бірі.

Қытайдағы қазақ тіліндегі кітаптарды шығаратын алты баспаның бірі – «Шыңжаң Халық баспасының» қазақ редакциясын ұзақ жыл басқарып, Қытай қазақтарының аударма әдебиеті мен мәдениетіне елеулі еңбек сіңірген ол ғұмырының 40 жылдан астам уақытын сөздік жасауға арнады. Аударма жұмысына қажетті 6 сөздік құрастырған қарт ғалым зейнетке шыққаннан кейін «есің барда еліңді тап» деп бала-шағасын бастап атажұртқа оралған. Жақында астанаға келген екен, «Астана ақшамының» дәстүрі бойынша қонаққа алып, сұхбаттастық. Құлағы ауырлағаны болмаса, басқа денсаулығы жаман емес сияқты. Елге келгеннен кейін де «қартайдық» деп қарап жатпай, сол баяғы «Найман көкті» байытып, көздік қорын көбейтіп, қытай тіліндегі жаңа сөздерді қосып, «көк сөздіктің» көлемін кеңейтумен қатар, бір ғұмыр баяндық шығарма жазып үлгеріпті.

– Атажұртқа келген соң Алатауға арқаны сүйеп, «қартайғанда зейнет бер» деп, демалып жатқан шығарсыз?

– Қайдан, «ауру кетсе де, әдет кетпейді» деген сөз рас екен. Зейнетке шыққаннан кейін демалып деп ойлағанмен, екі қолым алдыма сыймай, қарап отыра аламадым. Дәрігердің, балалардың «денсаулықты құт» деген кеңесін де тыңдамай, тағы сол «көк сөздікпен» алысып кеткен жайым бар. Өзім толықтырмасам, кем-кетігін өзім дұрыстамасам, мына қарбалас заманда «Найман көкке» кімнің жаны аши қойсын (күлді). Сөйтіп алтыншы сөздікті, яғни соңғы шыққан «Қытайша-қазақша үлкен сөздікті» өңдеу, толықтыру жұмысын да аяқтаттым.

## 160 МЫҢ СӨЗ ҚАМТЫЛДЫ...

– Сіз айтулы аудармашы, майталман редактор болғаныңызбен, жұрт сізді сөздік жасаған тіл маманы ретінде таниды. Қазірге дейін қанша сөздік құрастырып шығардыңыз?

– «Қытайша-қазақша идиомдар сөздігі», «Қытайша-қазақша қысқаша сөздік», «Қытайша-қазақша идиомдар үлкен сөздігі» – менің төл туындым. Ал «Қытайша-қазақша сөздікке», яғни «көк сөздікке» басқалардың да тері тамды, бірақ әркім әртүрлі деңгейде еңбек сіңірді. Бұл сөздікке мен 5 жылға жуық уақытымды сарп қылдым. Осы еңбегімді бағалаған халық оны «көк сөздік», «Найман көк» деп атап кетті. «Басқалар» деп отырғаным, сөздікті құрастырғандар қатарына Қалиқан Қалиакбарұлы, Рамазан Асылұлы, Ақан, Бейкұт бастаған бір топ азаматтың есімі жазылған. Бұлардың кейбірі аз уақыт, кейбірі ұзақ уақыт жұмыс істеді. Мәселен, Қалиқан Қалиакбарұлы осы сөздікті құрастыруға бастан-аяқ қатысқан әрі жауапты болған адаммын, ең соңғы нұсқасын

## БӘРІ «ҰЛТТЫҚ» ЕМЕС...

Қытайдағы ғылым-біліммен айналысатын, қалам ұстаған қазақтың арасында «көк сөздігі» жоқ қазақ некен-саяқ. «Азан шақырып» қойған аты «Қытайша-қазақша сөздік» болғанымен, қазақы тілмен «көк сөздік», «Найман көк» деп аталып кеткен бұл сөздік 30 жылдан астам уақыттан бері зиялы қауымның қолынан әлі күнге дейін түспей келеді. Сол «көк сөздіктің көкесі», көрнекті тіл маманы, қазақ мәдениетінде қытайша-қазақша сөздіктер кешенінің негізін қалаған ғалым Сапанұлы НАЙМАН бұл күнде Қазақстанда тұрады.

қарап, қол қойған кісі де менмін. Ал кейінгі толықтырылып қайта басылған нұсқасында мені бас құрастырушы деп жазған, шын мәнінде, бұл нұсқада мен бас құрастырушы ғана болғаным жоқ, өзім жалғыз толықтырып шықтым. 1992 жылдан бастап осы сөздіктің жұмысына кірістім, ол кезде редакция алқасын құруға баспаның экономикалық әрейдінде істей бердім. Ол кезде «Шыңжаң халық баспасы» бас редакторының қазақ, қырғыз редакциясына жауапты орын басары едім. Қызметім қанша қарбалас болса да, «көк сөздіктің» жұмысын тоқтатпай істей бердім. Сөйтіп 1992 жылдан 2006 жылға дейінгі 14 жылда осы сөздікті жасадым, ол 2006 жылы баспадан шықты. Егер біреулер сол кездегі қолжазбамды парақтап көрсе, бұл сөздік те менің жеке өңбегім болып танылар еді, өйткені сөздікке қамтылған 120 мыңнан артық қытай сөзінің үштен бір бөлігін редакция барысында қосып

өзі 5-6 сөздік құрастырғандар жоқ болса керек. Сөздіктің санымен емес, сапасымен мақтанған дұрыс, мен өз қолымнан шыққан сөздіктер мінсіз деп айта алмаймын, қате жібермеуге барымды салдым, бірақ ол кезде көмекші құрал тапшы болды, қазіргідей орысша-қазақша, қазақша-ағылшынша деген сияқты сөздіктер жоқ, Қытайдың өзінде де сөздік аз кез еді. «Қытайша-қазақша үлкен сөздікті» қайталай өңдеп байытып отырғанымның бір себебі осы.

– Осы сөздіктерде қытайдың қанша сөзі қамтылды шамамен?

– Қазірге дейін шыққан 5 сөздікке қытай тілінің жеке сөздерінен, сөз тіркестерінен, идиомдарынан 160 мыңнан артық сөзі қамтылды. Бұл сөздіктер 60 мың нұсқадан артық санмен таратылды.

Ең алғаш 1979 жылы шыққан сөздікке 65 мың сөз қамтылған еді. Бұл сол кезде Қытайдағы аз санды ұлттар тілінде шыққан ең үлкен сөздік болды. Қазақтан саны бірнеше есе көп ұйғырлардың өзі ол кезде 47000 сөзді ғана қамтитын сөздік шығарған. Ол сөздік 7 рет басылып, 30 мың тиражбен таратылды. Ал араға 27 жыл салып шыққан «Қытайша-қазақша үлкен сөздікке» 120 мыңнан астам сөз енгізілді. 17 жылдан кейін, яғни қазір толықтырылып қайта жасалып жатқан сөздікке 123 мыңнан артық сөз жинақталды. Бұл сөздік 2016 жылдан бастап, қазірге дейін 13 рет өңделді. Қазір дайын тұр. Қытайдағы баспалар енді менің сөздігімді баса ма, баспай ма, ол жағы маған беймәлім. Ал Қазақстанда шығаруға мемлекет жағынан қолдау болмаса, менің күйім келмейді. Қазақстан азаматтығын алғаннан кейін өмір бойы беріледі деген Қытай мемлекеттік кеңесінің арнаулы қосымша қаржысын да 2018 жылдан бері тоқтатып тастады. Жалпы сөздік шығару барысында тартқан әуре-сарсаңдарым жақында жазған «Ауылдан алыс сол жылдар» (Зейнеткер ескермелері) кітабымда кеңінен баяндалды.

## ҒЫЛЫМҒА ҚИЯНАТ ЖҮРМЕЙДІ

– Жаңа «біреулер ол сөздік С.Найманның жеке өңбегі емес деп айтыпты» деп қалдыңыз, «көк сөздіктің» Қазақстанда «қызыл сөздікке» өзгеріп шыққанын айтып отырсыз ба?



Жалпы Дүкен Мәсімханұлы «көк сөздікке» жиендік жасады деген сөз қаншалықты рас?

– 2018 жылы наурыз айында осы жақтан барған жігіттер маған «сөздік жайын сөз еткенде» деген тақырыпта жазылған Дүкен Мәсімханұлы мақаласын апарып берді. Аңғары, Дүкен сөздік шығарғаннан кейін бұл жақтағы зиялы қауым да айтарын айтса керек, Дүкеннің соған тойтарыс ретінде жазғаны екен. «Көк сөздіктен кейінгі ең үлкен «Қытайша-қазақша сөздікті мен жасадым, екі сөздіктің арасында жарты ғасырға жуық жатыр» депті. Алғашқы «көк сөздік» 1979 жылы шыққанмен, оның байытылған, қайта құрастырылған нұсқасы 2006 жылы баспадан шықты. Мұнан сырт, мен шығарған сөздіктердің біреуін де ауызға алмайды. «Көк сөздікті «С.Наймандікі» деудікі деу дұрыс емес, ол – сол замандағы он шақты адамның 3-4 жылдық уақыттарын арнаған ұжымдық еңбегі. С.Найман – топ жетекшісі» деп менің өңбегімді жоққа шығарады. «Біреудің өңбегін көшіріп алатындай «атақсырап» жүргем жоқ, шынды айтсам, он жылдық бос уақытым мен қажыр-қайратымды осы сөздікке бергеніме кейде өкінемін. Неге? Күш-қуатты құрттық, денсаулықты бердік... Керек болса, қазір он жылдың алдындағы иммунитеттің өзі жоқ» деп тоқтайды. Сонда 40 жылдың алдындағы иммунитетті мен кімнен сұраймын?

2006 жылы шыққан «үлкен сөздікке» қанша қажыр-қайратым сіңді, 65 мың сөзден 120 мыңнан астам сөзге толықтап, редакциялап, 14 жыл бойы арпалысқан менің өңбегім еңбек болмай, Дүкеннің 10 жылдық жұмысы ғана еңбек болып бағалануы керек пе екен? Еңбекке құрмет етудің өзі мәдениеттіліктің белгісі ғой.

2020 жылдың қыркүйегінде Дүкен әйелін ертіп маған аман-даса келгенде жоғарыдағының бәрін айтып, «Тарихқа құрмет етсең, ғылымға бағынсаң, сол сөздігінде анау сөздіктерді пайдалана отырып, Қазақстанның қажетіне лайықтап сөздік құрастырдым десең, оның жөні бір басқа болар еді. Әуелдесең, сенің сөздігіңнің атының өзі мен соңғы шығарған үлкен көк сөздікпен аттас болып тұр. «Халықаралық авторлық құқық заңына» жүгінсек, біреудің шығармасының атын екінші біреудің рұқсатсыз пайдалануына



«Біріккен Ұлттар Ұйымы» деген атауға де мен келіспеймін, ол сірә ұлттардың ұйымы ма? Әлде мемлекеттердің ұйымы ма? Дүниеде қазір 2000-нан артық ұлт бар, сол 2000 ұлттың өкілі түгел отырма БҰҰ-ында? 200-ге жуық мемлекет мүше емес пе ол ұйымға?!

болмайды. Әлемге әйгілі әртіс, режиссер Чарльз Чаплин 1941 жылы Гитлерді әжуалайтын «диктатор» деген фильм жасайды, көп өтпей Чарльз Чаплин сотқа шақырылады, сөйтсе, одан бұрын біреу «диктатор» тақырыбында шығарма жариялаған екен, сол шығарманың авторы «Чарльз Чаплин шығарманың атын ұрлады» деп сотқа шағымданыпты. Сонымен Чарльз Чаплин жығынды болып, төлем төлейді әрі фильмінің атын «Ұлы диктатор» деп өзгертеді. Ал сен «Қытайша-қазақша үлкен сөздік» деген атты 12 жылдан соң сол қалпы қолдандың ғой. Сол сөздікпен қатысым жоқ болса, жұрт «найман көк» деп неге атады? «Ғалымдықтың бір қыры ғылымға құрмет етуден басталады» деп түйдім сөзімді. «Асығыс едік» деп шайға да қарамай аттанып кетті.

## АТАУДАН ДА АБАЙЛАУ КЕРЕК

– Сізше болғанда, ғылыми атаулардың барлығын қазақша алу керек пе? Сөздік жасау барысында осы мәселені қалай ескердіңіз?

– Ғылыми атаулардың барлығын қазақшалау керек деген ойда емеспін. Ғылыми атаудың қазақшаға сіңісті болып кеткендерін өзгертпесек те болады, дегенмен халыққа тез сіңетін қазақша баламасы табылса, өз тілімізде алсақ, тіпті жақсы. Соңғы сөздікте кейбір атаулар қазақша алынды, мұндағы мақсат оқырмандарымызға әредей болса да түсінікті болсын дегендік еді. Шетел

атауларына тым беріліп кету абырой әпермейді. Мәселен, «кометаны» біз «құйрықты жұлдыз» десек неге болмайды? Бұл атауды жанымыздан шығарып отырғанымыз жоқ, Абайдың өлеңінде де бар сөз ғой. Мен бұл арада шетел атауларын бүкілдей шетке қақпақшы емеспін, алу керек, бірақ лайығында болғаны орынды. Дүние жүзінде ешқандай таза тілді халық жоқ болса керек, егер таза тілді халық делінсе, ол дамымаған, сыртқы дүниеден бейхабар ұлт болуы мүмкін. Сондықтан қоғам дамиды екен, жаңа атаулар мен сөздердің шығуы, оған әр ұлттың өзіне ат қоюы – заңды да. Гәп сол жасаған атауларды халық қабылдай ма, жоқ па деген түйінде жатыр.

– Қазақстандағы БАҚ-тарды қарап отырсыз ба? Ала-құла алынған атауларға «әттеген-ай» айтатын кезіңіз көп пе?

– Қазақстандағы тілдің жағдайы мөз емес, қазақ пен билікті қазақша сөйлете алмай жүргенін былай қойғанда, бұл елдің баспасөз құралдары атау, терминге мүлде көңіл бөлмей ме деп қалдым. Атауларды біріздендіру және оны бақылау жоқтың қасы сияқты. Небір марғасқа тіл мамандары, ғалымдар, жазушылар шыққан елде қазақ тілі дәл бүгінгідей жұтаң тартады деп кім ойлаған?! Біз жас кезімізде Қазақстан жазушыларының шығармаларын, Кеңестің Қазақстанның оқулықтарын оқып білім алдық. Ол кезде ғылым, тіл қандай керемет еді, ал қазіргі оқулықтарының жайын өзің де білесің ғой. Бір ауыз сөзбен айтқанда, тілге, ұлтқа жанашырлық жоқ. Мәселен, қазір «нарық», «Нарықтық экономика» деген атауды жиі қолданып жүр. Нарық деген не? Ол қазақ ғұмымында – «баға, құн» деген сөз. Сөздің нарқын білесің бе демей ме қазақ? Меніңше, мұны базар деп алған дұрыс, базар араб тілінен келген сөз болғанымен, тілімізге әбден сіңіп кеткен. «Балалы үй – базар, баласыз үй – мазар», «Базары тарқаған» деген сөздер деген сөзді дәл, ұлттық деп қана аударды екен, оның ұлт, мемлекет, халық деген үш үлкен мағынаға саятынын ұмытпаған жөн. «Ұлттық банк», «Ұлттық кітапхана», «Ұлттық университет» дегеннен гөрі «Мемлекеттік банк», «Мемлекеттік кітапхана», «Мемлекеттік университет» десе, беделі биік болар еді. «Мемлекеттік тіл – қазақ тілі» дейміз де, «ұлттық қауіпсіздік комитеті», «ұлттық ұлан» деп шұбыртады. Ол мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз етіп тұр ма, жоқ, қазақтың ғана мүддесін қорғай ма?! Қазақстанда 130 ұлт бар дегенді биліктің өзі айтып отыр ғой, ұлт үлкен бе, мемлекет үлкен бе?! Мемлекет әлденеше ұлттан құралады, әлемде жалғыз ұлттан құралған мемлекет жоқтың қасы немесе жоқ.

«Біріккен Ұлттар Ұйымы» деген атауға де мен келіспеймін, ол сірә ұлттардың ұйымы ма? Әлде мемлекеттердің ұйымы ма? Дүниеде қазір 2000-нан артық ұлт бар, сол 2000 ұлттың өкілі түгел отырма БҰҰ-ында? 200-ге жуық мемлекет мүше емес пе ол ұйымға?! Демек, ол «Біріккен Мемлекеттер Ұйымы» болуға тиіс. Бастан кеткен қателік қазірге дейін түзелмей келеді. Ал өріп жүрген орысша атаулар жайлы айтудың өзі артық. Оны қадағалап, мемлекеттік тілдің мәртебесін өсіру тұрғысынан жұмыс істейтін мекеме жоқ сияқты. Мемлекеттік аппарат тілге жұмыс істемегеннен кейін, халықтың айқайлағанынан қазірше ештеңе өнбейді. Қазақ тілі ғылым тіліне айналу үшін ең алдымен, биліктің тіліне айналуы, атауды да ғылымға бейімделуі керек. Өйткені «су басынан тұнды» ғой.

Сұхбаттасқан  
Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

Нұрлат  
БАЙГЕНЖЕ

# ЛУДОМАНИЯ – ҒАЛАМДЫҚ ПРОБЛЕМА

XXI ғасырдағы қауіпті құбылыстың бірі – құмар ойынға тәуелді болу немесе «ойынпаздық дерті». Уақыттың, ақшасын, күш-жігерін құмар ойынға жұмсайтын тәуелділіктің адамға ғана емес, оның отбасына, кәсіби қызметіне және қоғамға зияны көп. Әбден тығырыққа тірелген лудомандар суицидке жиі барады, құқық бұзып, қылмыс жасайды және әйелімен ажырасады. Әлеуметтік мәселелердің алдын алу маңызды. Бұл туралы Мәжіліс депутаты Руслан Берденов:

– Қазақ қоғамында 1 миллионнан астам адамда ойынға тәуелділік бар. 700 мыңнан астам немесе мектеп жасындағы балалардың жалпы санының 20 пайызы алғаш рет бәс тігіп үлгерді. Ажырасқан ерлі-зайыптының 38 пайызына лудоманияның әсері бар. 2022 жылы 3676 суицид жасалса, оның әрбір 5 жағдайы құмар ойынға тәуелділіктен орын алды. 157 мың құқық бұзушылықтың 20 пайызы немесе 31 мыңы құмар ойынға байланысты жасалды, – дейді.

Қазір лудоманияның кең етек алғаны соншалық, сарапшылар қай елдің тұрғындары құмар ойынға бейім, олар спорт ставкасына, әлде лоторея ойынына қызыға ма, жылына қанша қаржы шығындайды деген сұрақтарға жауап іздей бастады. Құмар ойынға бейім елдер рейтингінде Аустралия тұрғындары ерекшеленді. Бұл ел азаматтары ойын автоматты мен букмекерлік ставкаға бәс тігуде алдына жан салмайды. Сингапур, Ирландия, Канада, Финляндия және Гонконг тұрғындары да ойынға ойсыз берілген.

Адамдардың шектен шыққан ойымпаздығы қоғамдық тәртіп пен материалдық тұрақтылыққа тікелей әсер етеді. Дамыған елдерде оның зияны мен залалы қатты сезілмесе де, дамушы елдерде өзекті психологиялық мәселеге айналды.

Көбінесе ауырдың үстімен, жеңілдің астымен жүретін адамдар ақша тігу, материалдық затты ойы-



Лудомания адамзатты шыңырау құдыққа батырып бара жатқан ғаламдық проблемаға айналды. Оған қазақ қоғамын да қосуға болады. Бүгінде Қазақстанда құмар ойынға тәуелді 1 миллионнан астам ойынпаз болса, олар құмардарға триллион теңгеден астам шығындады. Мұның қауіп-қатері Парламент тыңдауында сөз болды.

нату арқылы тәуекел етіп, ақшалы болуға мән береді. Соның салдарынан адамда психологиялық бейімділік, психопатия, аддиктивті мінез-құлық қалыптасады. Құмар ойынның түрі көп. Мәселен, лотореяға бинго, джекпот жатса, тэмблингке ойын автоматты, беттингке спорт жарысына бәс тігу қаралады. Карта ойындары – покер, блэкджек, баккоро, казино ойындары – рулетка, бинго, колесо, фортуна және тағы басқасына қызығатындар көп.

– 2017 жылы жаңа Салық кодексі қолданысқа еніп, сол уақыттан бері букмекерлік бизнес 35 есе өсті. Сәйкесінше, 15,5 миллиард теңгеден 553,6 миллиард теңгеге дейін артқанмен, салық ставкалары 2017 жылғы деңгейде қалды. Құмар ойындарға және бәс тігуге тәуелді адамдар санының

артуы тек букмекерлік кеңселерге тиімді. Мемлекет үшін қауіпті, – дейді Руслан Берденов.

Психологтар жүргізген зерттеуде құмар ойынға орташа тәуелділік жасы – 17-38 жас. Дәл осы жастағы азаматтар елдің өсіп-өркендеуіне қосатын үлесі жоғары екенін ескерсек, бұл қоғам үшін қауіпті үдеріс екені анық. Ойынға тәуелділік кезінде тұлғаның даму процесінде физикалық, рухани, әлеуметтік тұрғыда құлдырап, өз ортасынан алшақтауы байқалады.

## ОЙЫНПАЗДЫҚТЫҢ БЕЛГІСІ

Психолог Айзат Ибрагимованың сөзінше, букмекерлік ставка, казино немесе лото ойыны туралы жиі сөз етіп, өзінің

ұтқаны туралы ойланады. Өзінің мінез-құлқын және ойнауға ниетін басқара алмайды, қарызды төлеу немесе бәс тігу үшін мүлкікті немесе ақшаны ұрлайды, өз мүлкіні ойынға тігу мақсатында сатады, ақшасын айналымға салады өз әрекетін жоққа шығарады немесе өз басында орын алып жатқан мәселені бөліспейді, білдіртпеуге, көрсетпеуге тырысады. Ең қиыны, ойын кезінде өзінің жүріс-тұрысын бақыламайды, жиі-жиі өтірік айтады. Яғни психологиялық дерттің түрі деп баға беруге болады.

– Лудомания – импульсиялық ауытқулар тобына жатады. Бұл ауру халықаралық классификацияда F63.0 кодымен белгіленді. Құмар ойынына тәуелді адам, материалдық шығынға, отбасындағы немесе жұмыстағы

тұрақсыздыққа, денсаулығының нашарлауына қарамастан, құмар ойыннан бас тарту алмайды. Үнемі ойнау немесе бәс тігу мүлкінің іздейді және тәуекелден адреналин алады, – деді Айзат Ибрагимова.

Мұның әлеуметтік-психикалық зияны – отбасы құндылығы әлсіреп, отбасы мүшелері арасындағы байланыс нашарлайды, девинантты мінез-құлық пайда болады. Оның биологиялық факторы да болады. Мәселен, құмар ойынға тәуелді адамда психоактивті затқа еліктеу байқалады, детоксикация процесінің ағзада бұзылуы, мотивация жүйесінің өзгеруі және психикалық ауытқу орын алады. Жасөспірімдер мен жастар арасында ойынға бейімділік болса, оның психологиялық факторы ертеле-кеш сезіледі. Оны ортамен диалогқа түсе алмай, тұлғалық идентификацияның жетілмей және мінез-құлқыты басқара білмеуінен байқауға болады.

Планшет, смартфон және компьютерден бас алмайтын жастар қатары көбейді. Бұл лудоманияның алғашқы сатысы ғана. Заманауи технологияның игілігін ерте жастан меңгергендер арасында өзгенің адами мұң-мұқтажын түсінбейтін, айналасындағының жан қиалысын сезіне бермейтін жастар өсіп-жетіліп келеді. Көп жағдайда ойынпаз жастар өзіне сенімсіз, тұрмыста кездесетін қиын мәселелерді шеше алмайтын жігерсіз, мінезсіз болып қалыптасады.

## АЛДЫН АЛУҒА БОЛА МА?

Бұл сұрақты Мәжіліс депутаты Руслан Берденовке қойдық.

– Біріншіден, букмекерлік кеңселердің онлайн қызметіне толық тыйым салып, арнайы мамандандырылған аймақтарда ғана жұмыс істеуіне рұқсат беру

## P.S:

XXI ғасырда адамзатқа тигізетін қауіп-қатердің түрі көп, залалы да әртүрлі. Соның ішінде лудоманияның әсері тым бөлек. Тіпті мемлекеттің бәсекеге қабілеттілік деңгейі лудоманияға тәуелділіктен өлшенетін уақыт келеді. Сол кезде асығымыз алышықпай түсу үшін қазір қамданып, нақты қарекет істеу керек.

– Өкінішке қарай, адамдар әлі де тез арада көп ақша тамамын деп алаяқтардың тұзағына түсіп жатыр. Азаматтар күнделікті еңбекпен келмейтін пассивті табысты барлық ұсынысына, әсіресе ғаламтордағы мол байлыққа кенелтемін деушілерге келгенде қырағылықты ұмытады. Сол себепті халықты жағдайдан хабардар етіп, қаржылық сауаттылыққа оқыту жұмысын жүргізудеміз. Өз кезегінде Қаржы мониторингі агенттігі алаяқтықпен күресті ерекше бақылауға алды. Осы мақсатта қаржы пирамидасының өмірлік циклін қысқарту және олардың салымшылары қатарын барынша азайтуға арналған арнайы жоба жасады. Өйткені қандай да болмасын пирамида пайда болғаннан бастап құлдырағанға дейін бірнеше кезеңнен өтеді. Алғашқы ашылуы, яғни бастамасынан кейін өсіп-өркендеуі мүмкін. Бастапқы лектегі салымшылар өз қаражатын алғаннан кейін кейінгілерге жетпей дағдарысқа түсіп, артынша күйрейді. Соңғы лектегілердің қаражаты осылайша күйіп кетеді.

Біздің міндетіміз – жәбірленушілердің арыз-шағымын күткізбей-ақ, «жалған қаржы» компаниялары жұмысының бастапқы кезеңінде анықтауды қамтамасыз ету. Осы мақсатта мүдделі уәкілетті органдармен және ұйымдармен өзара әрекеттесу үшін арнайы алгоритм әзірленді.

– Қаржы пирамидасының жиі кездесетін түрлеріне тоқталып өтсеңіз. Оның заңсыз құрылым екенін қалай анықтап білуге болады?

– Қаржы пирамидасының бір түрі – матрица. Бірнеше сатыдан немесе деңгейден тұратын мұндай қаржы пирамидасына белгілі бір қатысушылары жиналып, өзінен кейінгі қатарға адам тартады.

# АЛАЯҚТАРДЫ ҚАЛАЙ АНЫҚТАУҒА БОЛАДЫ?

Қазақстан Республикасы Қаржы мониторингі агенттігінің ресми өкілі Әлібек Әбділов жалпы қаржы пирамидасы және Қазақстан Республикасы Қаржы мониторингі агенттігінің алаяқтармен күресіндегі іс-әрекеті жайында баяндап берген болатын. Айта кетсек, қаржы пирамидасы – қаржы инвестициясы саласындағы қылмыстық сипатының ең қауіпті түріне жатады. Олардың елімізде таралуы халықтың қаржылық жағдайына нұқсан келтіретіндіктен, әлеуметтік және қоғамдық шиеленістің артуына алып келеді.

Тірелген адамдардың саны белгілі бір мөлшерге жеткенде, алдындағылар өзіне тиісті бонусын ала отырып, жаңа деңгейге көтеріледі. Осылайша, қаражат құюшылар таусылғанға дейін жалғаса береді.

Желілік маркетинг те әрбір тартылған адам үшін пайдасын көріп, салымшыларын көбейтуді мақсат тұтады. Негізгі механизмі – тауарларды (қызметтерді) өткізу. Бұл жағдайда сатылатын өнім желеу ғана. Пирамида биіктеп, деңгей неғұрлым жоғары болса, соғұрлым көп салымшы көбейеді, демек пайда көп болады, өйткені бастапқы қатысушылар әрбір жаңа қатысушы үшін пайда алады. Инвестиция компаниясы – мұндай ұйым көбінесе биржалық саудаға қатысу, танымал мейрамханалар немесе қызмет көрсететін компаниялардың қызметіне және т. б. тендерлерге, шетелдегі жылжымайтын мүлікке және басқа да құнды мүліктерге қатысу арқылы бағалы қағаздар нарығына инвестициялауды ұсынады. Алғашқы қатысушылардың табысы, жаңа инвесторлардың

есебінен қалыптасады. Тұтынушылар кооперативі – инвесторлардың жылжымалы және жылжымайтын мүлкікті сатып алуы үшін пайызсыз несиелер беруге негізделген. Мессенджердегі чат – адамдарды пирамидаға тартудың бұл әдісі WhatsApp және Telegram мессенджерлерінде чаттар құру арқылы жүзеге асады. Принцип – топ құру, оған қосылу үшін белгілі бір соманы төлеу керек. Қосылғаннан кейін топқа белгілі бір адамдарды қосымша шақырып, қатарын көбейтіп, оны орындағандарға түскен ақшадан 200-400 пайыз сыйақы беріледі. Шақырылған қатысушылардың саны шектелмейді. Әдетте, бұл түрі шағын сомаларды инвестициялау арқылы ақша табуға бағытталған.

Бұл жолда микроқаржы ұйымдары (ломбард, қайта қаржыландыру, қоса қаржыландыру ұйымдары) бұл істен сырт қалмайды. Әдетте, мұндай ұйымдар несие арқылы ақша табу мүмкіндігін беру желеуімен азаматтардан қаражат тартады. Қызығушылығына қарай бірік-

кен клубтар жұмысы – круиз, саяхат, бизнес құру және алға жылжыту бойынша тренинг, маркетинг, инвестиция негіздері, копирайтинг, пальмистика, астронумия, психикалық тепе-теңдікті жақсарту, психология, нумерология, символ, магия және т. б. бағдарламаларға байланысты белгілі бір мерзім ішінде жаңа адамдарды тарту және клубқа мүшелік жарнасын төлеуі керек.

Блокчейн технологиясын оқыту, криптография платформалары – крипто биржаларына инвестициялар, жобаларды әзірлеу, тағы басқа түрлері классикалық іскерлік белсенділік үлгілері арқылы жасалады. Халықаралық қаржы орталығы – Астана аумағында жүзеге асатын операцияларды қоспағанда, Қазақстан Республикасында криптовалютамен кез келген операцияларға тыйым салынғанын атап өткіміз келеді.

Бүгінде шабуылдаушылар криптовалютадағы инвестиция арқылы оңай пассивті кіріс ұсынады. Крипто алмастырғыштар Интернетте қызметтерді ұсынады. Цифрлық активтер есірткінің



заңсыз айналымы, ақшаны жылжытуды және терроризмді қаржыландыру үшін де қолданылады. Бұл әрекеттердің барлығы заңсыз және Қылмыстық кодекстің аясында жасаланады. Сондықтан алаяқтардың айла-амалына түспеуге кеңес береміз. Мұндай фактілер белгілі болған жағдайда, Қаржы мониторингі агенттігіне 8-7172-70-84-78, call-орталық 8-7172-70-09-58, 1458 телефондары арқылы хабарлауыңызды сұраймыз.

– Бұқараны ақпараттандыруда қандай технологияны пайдаланасыздар?

– Заман ағымына ілесіп, нақты шындыққа тез бейімделеміз. Қойылған мақсатқа жету үшін алдын алу шараларының кешені әзірленіп, жасанды интеллект енгізілуде. Осылайша, IT-құралдарын пайдалана отырып, ғаламторда, яғни жаңалықтар порталы, блог, веб-сайт және әлеуметтік желідегі ақпараттардан құқық бұзушылық мазмұндағы мәтіндерді анықтаймыз.

Қаржы пирамидасының белгілері бар материалдар Cybernadzor жүйесінде бұғаттау

маңызды; екіншіден, құмар ойын мен бәс тігуді жарнамалауға толық тыйым салу; үшіншіден, салық ставкасын жоғарылату; төртіншіден, ойын бизнесі үшін корпоративтік салық мөлшерлесін 20 пайыздан 30-40 пайызға дейін көтеру; бесіншіден, айналым мен бюджетті толықтырудың ашықтығын қамтамасыз етуде букмекерлік кеңселердің ақпараттық жүйесін Мемлекеттік кірістер комитетінің ақпараттық жүйелерімен интеграциялау керек, – деп жауап берді ол.

Құмар ойындар мен бәс тігуге тәуелділіктің қоғамдық қауіп ескерне отырып, Аманат партиясы сайлауалды бағдарламасына енгізілді.

«Ойын бизнесі туралы», «Жарнама туралы», «Лоторея және лоторея қызметі туралы», «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» қолданыстағы заңнамалық актілерге өзгеріс енгізілді.

Интернеттегі ойын қызметіне, жарнамаға, лотоматтарды жабуға, салық ставкасын арттыруға, букмекерлік кеңселердің аппараттық-бағдарламалық жүйелерін Мемлекеттік кірістер комитетінің ақпараттық жүйесімен біріктіруге бағытталған түзету енгізілді. Түзетулердің негізгі бөлігі бойынша Үкіметтің қорытындысы күтілуде. Кейбір түзетулер қабылданды. Мәселен, букмекерлік кеңселердің банк құпиясына қатысты ақпаратты салық органына ойыншылардың шоты, ставкалардың саны, ұтыс сомасы, салық шегеріміне қатысты түзету енгізілді.

«Обсессия» деректі фильмі депутат Р.Берденовтің жеке қаражатына түсірілді. Деректі фильмдегі кейіпкерлер – құмар ойынға тәуелділіктен зардап шеккен адамдар.

Сұхбаттасқан  
Айгүл УАЙС

**Қ**оғам ішіндегі қарым-қатынастар өзара түсіністікке, бірегей көзқарастар мен құндылықтарды құрметтеуге, қарапайым тілмен айтқанда, төзімділікке негізделсе, онда бұл тұрақтылық пен прогреске жол ашады. Демек, демократиялық режимде өмір сүріп отырған зайырлы қоғамда азаматтардың діни наным-сенімдерін құрметтей отырып, барлығына сенім еркіндігін елдің саяси тұрақтылығына қайшылықсыз қамтамасыз ету – әр мемлекеттің саясатының басым бағыты.

Дін факторы мемлекеттің діни институттар, бірлестіктер және түрлі ұйымдардан заңнамалық бөлінуіне, мемлекеттік басқарудың тиімділігіне қарамастан, динамикалық және бәсекеге қабілетті әлемдік тәртіндегі саяси тұрақтылықтың тұрақты құрамдас бөлігі болып табылады. Ықпалды саяси институттардың мемлекет пен шіркеудің өзара әрекеті әлемнің барлық саяси жүйелерінде орын алады.

Мемлекетшілік және халықаралық саяси қақтығыстарға көбінесе ашық немесе жасырын түрде діни факторлар әсер етеді. Дін, Құдайға деген сенім қазіргі әлемнің барлық мемлекеттерінің саяси мәдениетінде маңызды орын алады, ал саяси режимдердің трансформациясы мен дамуында дінің рөлі үнемі артып келеді. Әлемдегі елдердің басым көпшілігінде діни мерекелер мемлекеттік мерекелер болып табылады, діни ұйымдардың көрнекті өкілдері ұлттық элитаның табиғи бөлігін құрайды, саяси партиялардың қызметіне, бұқаралық қоғамдық санаға, кез келген белгілі саяси ғылымдағы сайлау науқандарының нәтижелеріне және саяси режимдерді мемлекеттік басқару тәжірибесіне (тоталитарлық, авторитарлық, демократиялық және олардың көптеген ұлттық мазмұндағы нұсқаларына) айтарлықтай ықпал етеді.

Сондықтан әрбір мемлекетте саяси тұрақтылықты қамтамасыз етуге діни фактордың рөлі жоғары екені анық. Саяси тұрақтылықты қамтамасыз етуге мемлекет-



## ДІН – САЯСИ ТҰРАҚТЫЛЫҚ ФАКТОРЫ

Дін – кез келген қоғам өмірінің табиғи серігі. Себебі дін – этникалық топтарға жататын адамдарды әлеуметтендіруді ұйымдастыратын реттеуші факторлардың бірі.

тің діні саласын реттеудегі қызметін зерттеу үшін, ең алдымен оның теориялық аспектісін талдаған жөн. Осы мақсатта мақалада саяси тұрақтылықты қамтамасыз етуге діни фактордың рөлін зерттеудің теориялық аспектісі жалпығылыми әдістер негізінде талданып, дәстүрлі діни институттардың пайда болуы мен оның қоғамдағы рөлі анықталды.

Тарихқа көз жүгіртсек, ұзақ уақыт бойы мемлекеттің қоғамдық-саяси үдерісіндегі негізгі бәсекелестерінің бірі дәстүрлі діни институттар, атап айтқанда, әртүрлі қоғамдық шешімдерді ілгерілетуде өте сәтті бәсекеге түскен шіркеулер болып саналды. Өз мүдделерін қорғай отырып, мемлекеттік мекемелерге өтініштер мен талап-арыздарының санын өсірді. Бұл дискурс зайырлы билік діни қызметкерлердің ықпалымен заң жобаларын қабылдаған жағдайларда айқын көрінді.

Әлемдік тәжірибеде мемлекеттік-шіркеу қатынастары монологтан диалогқа, қақтығыстардан одақтастыққа және т.б. үнемі серпінді түрде өзгеріп отырды. Жаһандану кезеңінде олар жаңа ерекшеліктерге ие болды және кеңінен жарияланды, ал әлем күн сайын өзгеріп отыратындықтан, олардың

арасындағы қатынастар да көңілдірушілік шындық шеңберінде қалыптасады.

Жаһандану жағдайында діни ұйымдар ақпараттық технологиялардың дамуына сынай отырып, белсенді түрде пайдалануды жалғастыруда. Қажет болған жағдайда дін басшылары медиа кеңістікте белсенді бола бастайды. Қалай болғанда да, қоғамдық өмірдің бірінші дәуіріндегі діни институттар және жалпы қоғамдар үшін оң және теріс салдары бар.

Жаңа шынайылықта діни ұйымдар бұқаралық ақпарат құралдарының көмегімен даулы мәселелерді шешуде аралық тарап екенін әлемге көрсетуге тырысады. Осылайша, 2016 жылы Рим Папасы Франциск пен Мәскеу және Бүкіл Ресей Патриархы Кириллдің мыңжылдық кездесуі өтті, онда XXI ғасырдың өзекті мәселелері қаралды: әскери қақтығыстар, отбасының дамуы, адам мен азаматтық құқықтары мен бостандықтарының қалыптасуы және т.б. Мұндай деңгейдегі кездесулер зерттеушілерге діни ұйымдардың және діни фактордың халықаралық саяси процестерге ықпал ету дәрежесін анықтауға мүмкіндік береді. Сонындай акцияларға қатысу арқылы конфессиялар әлем алдында

өздерін саяси құрылымдар емес, әділеттілік үшін күрдіктер мен бостандықтарды қорғайтын бітімгершілік ұйымдары ретінде көрінеді.

Секуляризация процестерінің күшеюіне қарамастан, діни институттар қалың бұқараның арасында беделге ие болуда және рухани-адамгершілік ұстанымдардың бірден-бір шынайы тірегі ретінде қарастырылады. Олардың көпшілігі, мысалы, Ресей-православиялық шіркеуі сияқты діни бірлестіктер, шіркеу мүдделерін көбірек ілгерілету үшін саяси таптардың көптеген өкілдерімен байланысты трансұлттық институттарға айналды.

1991 жылы Кеңес Одағы ыдыраған кезде Қазақстан сияқты тәуелсіздік алған елдердің басшылары жаңа мемлекеттер құруда көптеген қиындықтарға тап болды. Саяси, әлеуметтік-экономикалық мәселелерден бөлек, дін мен мемлекеттің қарым-қатынасы туралы неғұрлым іргелі сұрақтардың шешімін табудың қажеттілігі туындады. Кеңестік атеизм шетке ысырылып, халқының мұсылмандық үлесі басым алты ел – Әзербайжан, Қазақстан, Қырғызстан,

Тәжікстан, Түркіменстан және Өзбекстан басшылары мемлекеттің зайырлы сипатын сақтауды таңдады.

Зайырлықтың қазақстандық моделі елдің Кеңестік кезеңге дейінгі мұрасына, атеистік кезеңнің аспектілеріне, кеңестік институционалдық және идеологиялық күйреуден кейінгі мемлекеттік құрылыстың қиын процесіне сүйенеді. Дегенмен, еліміздегі дін саласындағы саясатты бұрынғы дәуірдің жәдігері немесе КСРО-ның ыдырауына реакция ретінде қарастыру қателік болар еді.

Біздің елімізде дін қоғамдық өмірдегі рухани келісімді нығайтудағы ықпалды факторлардың бірі болып табылады. Сонымен қатар, қазіргі Қазақстан жағдайында дінің саясатқа тікелей әсерін болдырмайтын белгілі бір алғышарттар жасалды. Ата заңымызға сәйкес Қазақстанда діни негізде партиялар құруға тыйым салынады, бұл поликонфессиялық елдегі саяси тұрақтылық үшін аса маңызды.

Қазақстандық заңнама мемлекеттің діни ұйымдардың қызметіне кедергі болып қоймай, сонымен қатар солардың қызметтеріне өз жәрдем беру міндетін қарастырады. Дәл осы мән-жайға заманауи Қазақстандағы дінің әлеуметтік мәдени институты ретінде даму формалары мен шарттарының дамуын көрсететін заң жасаулық қызметке байланысты болып келеді.

Бейбітшілік пен саяси тұрақтылықты сақтау үшін дінің интегративті функциясын қолдану керек. Әрине, дін саяси өмірден оқшауланбайды, бірақ барлық трансформациялық процестердің құйынына тартылады, бірақ бүгінгі басты міндет – діни бірлестіктердің саясатқа араласуына, конфессияаралық қатынастарды этносаралық қатынастармен сәйкестендіруге жол бермеу.

Осы жағдайда діни фактордың ықпалды деңгейін қамтамасыз етуге нормативтік-құқықтық базаға және аймақ пен мемлекеттің тарихи сындарлы тәжірибесіне негізделген мұқият ойластырылған және қарапайым мемлекеттік саясат қана қабілетті деп айтымыз келеді.

Гүлбану ЖАПАЕВА

## ТӘЛІМГЕРЛЕР КЕҢЕС БЕРДІ

Астана қаласының әкімдігінде Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Астана қаласы бойынша департаменті жанындағы «Тәлімгерлер кеңесі» консультативтік-кеңесші органының кезекті отырысы өтті. Отырысты Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің төрағасы Сансызбай Есілов жүргізді.

Индира БЕРЖАНОВА

Қазір мемлекетіміз үшін кәсіби деңгейі жоғары мамандар дайындау қандай өзекті болса, жас мамандарға қолдау көрсету де дәл сондай маңызға ие. Бұл тұрғыда алдыңғы толқынның кейінгі толқынына ақыл-кеңесін айтып, бағыт-бағдар сілтеуі де артық етпейді. Осыған орай, мемлекеттік қызметтің беделін нығайтып, мемлекеттік қызметшінің имиджі мен болмысын қалыптастыру мақсатында Тәлімгерлер кеңесі құрылған еді.

Міне, бүгін сол Тәлімгерлер кеңесі мүшелерінің алдына ақыл-кеңесін тыңдап, батасын алу үшін қызметке жаңадан тағайындалған Астана қаласы Ішкі саясат басқармасының басшысы Нұрдәулет Әлмұханов, Астана қаласы Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасының басшысы Алтынбек Ахметов және Дін істері жөніндегі басқарма басшысы Қайролла Көшқалиев келді.

«Мемлекеттік қызметтегі жаңашылдықтың бірі – осы Тәлімгерлер кеңесінің құрылуы. Бұл сала үнемі өзгеріп, реформаланып тұратындықтан, кеңеске қажеттілік туындайды. Осы уақытқа дейін төрт рет кеңес мүшелері бас қосты. Кезекті отырыстың да маңызы жоғары. Әр басқарма басшысының есебі тыңдалып, оларға маңызды сұрақтар қойылды. Мемлекеттік қызметшілермен ашық диалог орнатып, әр саладағы маңызды мәселелерді талқыға саламыз» деді Кеңес мүшесі Ерсұлтан Бектұрғанов.

Елорданың ішкі саясатын жүргізу – қаладағы маңызды әрі күрделі саланың бірі. Астананың Ішкі саясаты төрт бағытта жүйелі жұмыс жүргізуді алға қояды. Бұл бағыттағы мәселелерді басқарма басшысы Нұрдәулет Әлмұханов ортаға салды. «Астананың қоғамдық-саяси тұрақтылығын

нығайту, елорданың әлеуметтік жарнамасы мен сыртқы безендіру жағдайын орындау, мемлекеттік ақпаратты саясатты жүзеге асыру және саяси партиялар мен үкіметтік емес ұйымдардың өзара іс-қимыл жүзеге асыру бағытындағы жұмыстарды жүргізуге басымдық беріледі. Елордада Биыл 50-ден астам әлеуметтік тақырыпта безендіру жұмыстары жүргізілді. Барлығы 4 мыңнан астам жарнамалық безендіру жұмыстары жасалды. Биыл әлеуметтік сала бойынша 15 жоба жоспарланып, оның 11-і сәтті жүзеге асты. Жыл басынан бері мемлекеттік органдардың қызметі туралы қазақ және орыс тілінде 1243 материал жарияланды. Басқарма ақпараттық жұмыс шеңберінде бұқаралық ақпарат құралдарымен тікелей жұмыс істейді. Сонымен қатар елордада үкіметтік емес ұйымдар мен этномәдени бірлестіктермен белсенді жұмыс жүргізіліп келеді» деді басқарма басшысы.

Бұған дейін Астана қаласы Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басшысының орынбасары болған Алтынбек Ахметов осы басқарманың басшысы лауазымындағы өзінің жаңа қызметінің жай-жапсарын баяндап, алда атқарылар жұмыстардың легіне тоқталды. Дін істері жөніндегі басқарма басшысы Қайролла Көшқалиев діни бірлестіктермен байланысты орнату жұмысын әлеуметтік желілер арқылы жүргізуді басшылыққа алып отырғанын жеткізді.

Қалалық мемлекеттік органдарға тағайындалатын бірінші басшылардың өмірбаяны мен жұмыс-жоспарын тыңдағаннан кейін Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Астана қаласы бойынша департамент басшысы, Әдеп жөніндегі кеңес төрағасы Әли Көмекбаев, Тәлімгерлер кеңесі мүшелері Мұхтар Еркетаев, Уляш Құсайынов және Мейрамбай Оралов ұсыныс-пікірі мен ақыл-кеңесін айтып, олардың басшылық қызметтегі жұмысына сәттілік тіледі.

### ХАБАРЛАНДЫРУ

«Астана қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы» мемлекеттік мекемесі және «Астана қаласының Алматы ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемелері 2023 жылғы 12 желтоқсанда сағат 11:00-13:00-ден бастап Республика даңғылы, 32, 1-қабат мекенжайы бойынша өтетін тапсырыс беруші «Қазанат Сити», А 96 көшесі, № 10 учаскесі бойынша «Ем-хана балабақшадан» «Емхана балабақша және мектепке» өзгерту туралы түбегейлі жоспарлау жобасын әзірлеу бойынша қоғамдық талқылаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Дәлелді пікірлер мен ұсыныстар қоғамдық талқылаулар басталған күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей n.seitzharov@astana.kz электрондық поштаға немесе қолма-қол Астана қаласы, Ә.Мәмбетов көшесі, 24 үй мекенжайы бойынша арналған жәшік арқылы жіберуге болады.

## ЕЛОРДАНЫ ДАМЫТАТЫН СТАРТАП-ЖОБАЛАР

Жақында «Астана Innovations» алаңында Астана қалалық әкімдігі құрылымдық мекемелерінің қатысуымен стартап-жобалар бойынша дөңгелек үстел өтті. Бұл жұмыстар елорданың өзекті мәселелерін шешуге ықпал ететін IT кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған.

Райхан РАХМЕТОВА

Астанада ақпараттық технологиялар саласында стартап-жобаларды қолдауды көздейтін түрлі бағдарлама өткізіледі. Қалалық цифрландыру және мемлекеттік қызмет басқармасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігімен бірге IT кәсіпкерлікті дамыту бойынша жұмыс жүргізеді. 2023 жылдың басынан бері IT жобалар бойынша 100 өтінім түскен. Соның 60-тан астамы өңірлерді басқару, тұрғын үй-ком-

муналдық шаруашылығы, қауіпсіздік, цифрландыру, инфрақұрылым, денсаулық сақтау сияқты салаларды қамтиды.

Астана қаласының әкімі қатысқан соңғы «Pitch Day» іс-шарасында келесідей 10 стартап-жоба таныстырылды. Атап айтқанда, Әсел Дүйсембаева ұсынған «Үй басқарушы» жобасы – тұрғындарға, МИБ, ПИК-ке арналған цифрлық экокүйе, ол QR-кодпен кіру немесе қосымша арқылы шлагбаумды алыстан ашу жүйесінен тұрады және тұрғын үйлер ауласына арнайы қызметтердің еркін кіруін қамтамасыз

етеді. Екіншісі – Дәурен Әшімнің «Oqulyq» жобасы. Бұл сервис онлайн-тестілеу, сертификаттау, білім беру олимпиадалары мен қашықтан емтихан қабылдау жүйелерін қамтиды. Үшіншісі – Берік Нұрымбетовтің «Алақан тектер» жобасы. Бұл – балалардың зиянды тағамдарға ақша құртуының алдын алатын, оқушыларға арналған тамақтанудың қолма-қол төлемсіз жүйесі. Сондай-ақ Александр Кимнің «Socium» жобасы да ерекше. Ол ұсынған цифрлы талдау тұғырнамасы науқастарды мемлекет тарапынан дәрілермен қамтамасыз

етуді қоса алғанда негізгі 4 бағытқа бағдарланған. Ал Нұрлыбек Үдербаевтың «Елорда иммунитеті. KZ» деген жобасы – нақты бір адамның иммунитетін анықтауға арналған халықты иммунологиялық жаппай тексеру технологиясы. Сонымен қатар Сейілбек Мықтыбековтің «Веупе.ai Video Analytics» жобасы – азаматтық және корпоративтік қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін бейнекамералар арқылы және ашық ақпарат көздерінен тұлғаларды іздеп, тану технологиясы. Тағы бір жоба – Зурет Борсованың «Operational Platform of Expert Recognition (O.P.E.R.)» деген идеясы. Бұл интеллектуалды жүйе бейнебақылау арқылы тұлғалар мен автокөлік нөмірлерін тануға, ситуациялық және жол бойынша

## «МЫҢ БАЛА» МӘРЭСІНЕ ЖЕТТІ

Астанада Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен «Мың бала» республикалық мәдени-ағарту жобасы мәресіне жетті.



«Мың бала» жобасы өскелең ұрпақты, соның ішінде этнос өкілдерінің жас жеткіншектерін мемлекеттік тілді меңгеруге ынталандыру арқылы қазақстандық бірегейлікті дамытуға бағытталған.

Салтанатты іс-шараға ҚХА Төрағасының орынбасары – ҚР Президенті Әкімшілігі ҚХА Хатшылығының меңгерушісі М.Әзілханов, Мәдениет және ақпарат министрінің орынбасары Қ.Ысқақов, Парламент депутаттары, этномәдени бірлестіктердің өкілдері, жастар ұйымдарының мүшелері және республиканың барлық өңірінен «Мың бала» жобасының жеңімпаздары қатысты.

Аталмыш жоба аясында барлық өңірлерде жыл бойы түрлі бағыттар бойынша қазақ тілін меңгеруге арналған 6 мыңнан астам іс-шара мен байқаулар өткізілді. Биыл жобаға қатысқан балалардың саны 320 мыңнан асты. Жобаның қорытынды кезеңінде домбыра мен қобызда орындаушылар «Өнерлі өрге жүзер», жас ақындар мен мәнгерлер оқитындар «Жарқыра, жас дарын!» аталымдары бойынша барлығы 35 өңірлік жеңімпаздар марапатталды.

Іс-шара соңында барлық өңірлік жеңімпаздар қазақ ақындарының өлеңдерін мәнгерлер оқып, мәдениет қайраткерлерінің музыкалық шығармаларын орындады. Сондай-ақ өз туындыларын да көпшілікке паш етіп, концерттік нөмірлерімен өнер көрсетті.

## ҚАЛА РОМАНСЫНЫҢ КЕШІ

Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармониясы «Қала романсының кеші» концертін ұсынды. Кеште өнер ұжымының классикалық вокал бөлімінің солистері өнер көрсетті.



Кеш бағдарламасында А.Верстовский, А.Алябьев, А.Варламов, П.Булахов, А.Гурилев, Б.Шереметев, М.Глинка, А.Даргомыжский, Н.Шинкин, А.Абаза, Ю.Фельдман, А.Власова, К.Листова, Т.Толстая сияқты композиторлардың шығармалары орындалды.

Филармония солистері, Қазақстанның еңбек сіңірген

қайраткерлері Азамат Жылтырқозов, Бибігүл Жанұзақ, «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты Алтынбек Әбділда, халықаралық байқаулардың лауреаттары Шахризада Тыныштық, Фируза Рахметова, Талғат Аллабиринов, Алтынбек Арыстанбек, Нұрсат Алмас, Эльмира Шпекпаева, Әйгерім Аманжолова ән салды.

Дайындаған **Аманғали ҚАЛЖАНОВ**

## КЕЗДЕСУ АРҚАУЫ – «ШӘКӘРІМ» ШЫҒАРМАСЫ

Елордадағы Музыкалық жас көрермен театры әртістері белгілі жазушы, драматург, аудармашы, филология ғылымдарының кандидаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Ермек Аманшаевпен кездесті.

Аталмыш театр директоры, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Асхат Маамиров қонақты таныстыра келе: «Ермек Әмірханұлы өзінің саналы өмірін үлкен әдебиетке, жазушылыққа және қазақтың мәдениетіне арнап келе жатыр. Драматург ретінде алғашқы қадамын қазақ өнерінің қасиетті қара шаңырағы Мұхтар Әуезов театрында Әзірбайжан Мәмбетовтің жолдамасымен бастады. Әзірбайжан Мәмбетов жасы 24-ке енді келген жігітті баласынбай, «Үзілген бесік жыры» деп аталатын драманы қойды. Ол қойылым сол уақытта театр өнері кеңістігінде үлкен құбылыс болды» деді.

Одан соң Ермек Аманшаевпен осы кездесуге арқау болған «Шәкәрім» шығармасы екенін айтып, бұл туынды театрдың келесі жылғы жоспарына енгізілетінін, ал әзірге талқылау жүргізілетінін атап өтті.

Ермек Аманшаев шығармасының кейіпкері туралы сөз өрбітіп, бұл шығарма



тек драма ғана емес, опера да болуы керектігін айтты, Шәкәрімді шама келгенше көбірек насихаттау керектігіне тоқталды. Тарихтың атасы Геродоттың

шығармалары желісімен жазылған «Патшалар тағдыры» және басқа да өзінің шығармаларымен таныстырды.

## СЕГІЗ ҚЫРЛЫ, БІР СЫРЛЫ

Астана қаласы әкімдігінің орталықтандырылған кітапханалар жүйесіне қарасты №5 балалар кітапханасында ақын, сазгер, күйші, ұстаз Оспан Сүлейменұлының 75 жылдық мерейтойына орай «Мәдениет маржанын кие тұтқан ұстаз» атты шығармашылық кеш өтті. Осы атаумен жеті бөлімнен тұратын кітап көрмесі қойылды.



Іс-шара барысында Түркістан облысы Кентау қаласының орталық кітапханасымен байланыс орнатылып, «Туған жерді жырлаған ақындар» атты поэтикалық бағл өтті. Телекөпірде Оспан Сүлейменұлымен қатар кентаулық ақын Мұхит Әбдәшімұлының туған жерге арнаған өлеңдері оқылды.

«Елорда билер кеңесі» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Әнуарбек Қайкенұлы Астана қаласы Білім басқармасы әдістемелік орталығының әдіскері Күнімбала Ізтілеуқызы, елорданың орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің директоры Гүлбадан Мәдібаева, басқа да кеш қонақтары Оспан Сүлейменұлы туралы пікірлері мен жылы лебіздерін білдірсе, М.Жұмбаев атындағы халықаралық колледж студенттері ақын өлеңдерін оқып, күмбірлете күй тартып, көпшіліктің ықыласына бөленді. Белсенді оқырмандар марапатталып, Оспан Сүлейменұлына сый-сияпат жасалды.

## ТЕҢГЕ ТАРИХЫМЕН ТАНЫСТЫРДЫ

Ұлттық музейдің Ғылыми кітапханасында ұлттық валютаның 30 жылдығына орай «Теңге – тәуелсіздік символы» тақырыбында ашық сабақ өтті.

Ғылыми кітапхананың жетекшісі Толқын Дариш кез келген ақшадан әрбір елдің өткенін, бүгінгісін және болашағының бейнесін, яғни тарихын көруге болатынын атап өтті. «Қазақстан теңгесі – мемлекет егемендігінің атрибуттарының бірі. Ол пайда болған сәттен бастап еліміздің экономикалық және әлеуметтік өміріндегі барлық сынақтардан өтіп келеді. Ұлттық валютаның енгізілуі – дербес ұлттық экономика қалыптасуының бастамасы және республикадағы нарықтық қатынастарды қалыптастырудың маңызды тетігі» деген Толқын Мәделханқызы жалпы ақша тарихына шолу жасап, теңгенің пайда болуы, оның маңыздылығы, ақшаға қатысты түрлі қызықты тың деректермен бөлісті.

Ал Ұлттық музейдің ғылыми қызметкері Жанар Жақсалықова ұлттық



валюта тақырыбына арналған жеке коллекциямен бірге музейдің коллекциясын таныстырды.

Сабақ барысында Астана қаласының Темірбек Жүргенов атындағы №70 мек-

теп-лицейі мен Ыбырай Алтынсарин атындағы №83 мектеп-гимназияның ұстаздары мен оқушыларына жәдігерлер көрсетіліп, сабаққа белсенді қатысқандарға алғыс хаттар мен арнайы сыйлықтар тапсырылды.